ЖАС ҚАЗАҚ

ISSN 2074-899X

№44
(668)
10 қараша
2017 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ТҮЙТКІЛ

КЕРОСИН БЕНЗИННЕН ҚЫМБАТ. НЕГЕ

Әуелі көмір қымбаттаған. Кейін жанар-жағармайдың бағасы аспанға шарықтады. Әлде бірінші жанар-жағармай қымбаттап па еді? Қымбатшылық қос бүйірінен қысқан халық дәл қазір қайсысының бірінші қымбаттағанын есіне түсіре алмай, есеңгіреп отыр. Құдай салды, біз көндік деп қымбатшылықтың қамытын киген жұртты енді дизель отынының қымбаттауы есінен тандырып түсті. Суық та суыт хабар. Арқаның сақылдаған сары аязындай жылуы қалмаған етек-жеңін аралап, мұздатып тұр.

Семейдің жанар-жағармай бекеттері дизель отынын тек талонмен сатып жатыр. Дәл қазір жүздеген ауыр көлік тұяғын қимылдата алмай, қаңтарылып қалды. Жалғыз Семей ғана емес, бағаның қымбаттауы Оралдың жұртын да ойсыратып жіберген. Дәл қазір сұйық отынның бір литрі 219 теңгеден сатылуда. Әншейінде арзан болып есептелетін сұйық отынның бүгінгі бағасы бензиннен де қымбат. Шынтуайтында, дизель отынын Оралдың жанар-жағармай құятын бекеттерінен табуға болады. Тапқаныңмен тесік қалтаңдағы тиын бәрібір жетпейді.

Осы салаға жауапты шенеуніктер өз елімізде өндірілетін дизель отынының бір литрі 180 теңгеден сатылып жатыр деп жауырды жаба тоқиды. Олардың айтқаны рас. Бірақ ол қор небары жиырма күнге жетеді. Қасқалдақтың қанындай болып кеткен дизель отынының қоры таусылған соң бағаның одан әрі шарықтап кетпесіне кім кепіл? Бүгінгі 219 теңгеден сатылып жатқан дизельмен жылап көрісуіміз әбден мүмкін. Әсіресе, ұзақ жолдың үстіндегі ауыр жүк тасымалдайтын көлік жүргізушілеріне обал-ақ! Жететін жеріне жете алмай, жарты жолда қалып қойса...

Уақытының көбі жол үстінде өтетін көкшетаулық «КамАЗ» автокөлігінің жүргізушісі Әлібек Жабағин «Біздегі халық тұтынатын өнімнің барлығы негізінен дизель отынымен жүретін көлікпен тасымалданады. Ертеректе бензиннен дизель арзан болған соң ауыстырып алғанбыз. Тасымалдау құны қымбат болған соң дүкендерде тауар бағасын үстемелейді емес пе? Сонда Мақтақыздың ертегісі тәрізді болып шықпасына кім кепіл? Сауда-саттықпен айналысатындар да бұл қадамға амалсыздан барады. Ал баға бір көтерілсе, оның түскенін қашан көріп едіңіз?» – дейді.

Энергетика министрі Қанат Бозымбаев «Елімізде дизель отыны тапшы болуы мүмкін» – деп ескерткен болатын. Негізгі себеп 3 мұнай өңдеуі зауытының жөндеу жұмысына байланысты. Павлодар мұнай өңдеу зауытының бұрынғы бас директоры Шухрат Данбайдың айтуына қарағанда, қарашаның 10-ы күні Еуро-4 және Еуро-5 жоғары сапалы бензинді көп көлемде өндіруге арналған жаңа құрылғы сынақтан өткізілмек. Дегенмен, дизель отынын өндіруге қажетті сутегін өндіретін құрылғы істен шыққан. Ал бұл ақауды жөндеу желтоқсанның ортасына дейін жүргізілуі әбден мүмкін екен. Орын алған осы жағдайға байланысты министр Қ.Бозымбаев зауыт директорына қатаң сөгіс жариялапты. Тек сөгіспен шектелмей қызметінен босатылды. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басшысы Сауат Мыңбаевқа салсақ, компания Ресейден сатып алып, керосин түйінін шешпекші. Бірақ сырттан сатып алып қашанғы жыртығымызды жамап отырамыз? Мұндай жартыкеш шешімге жүгінгенше, мұнай өңдейтін 3 зауыттың жұмысын үйлестіріп қоймас па еді. Павлодар мұнай өңдеу зауытының ақауы желтоқсан айының ортасына дейін жөнделіп кете қойса жақсы. Оған дейін шыдай тұрамыз. Ал тым созылып кетсе, қайтпек керек?

Қараша – шаруаның айы. Еліміздің өзге аймағын былай қойғанда, республика астығының үштен екісін беретін солтүстік аймақ қырманға жиналған қызыл бидайды қырманға енді тасып жатыр. Әсіресе, шағын шаруа қожалықтары. Жыл сайын астық тасымалдайтын ауыр көлігі жоқ. Содан ірі шаруашылықтардың техникасына иек артады. Олар ірі серіктестіктер өзінікін тасып болған соң ғана қолы қысқа шаруаға мойын бұрады. Тегін емес, әрине. Ақысын төлейді. Бізбен тілдескен Айыртау ауданындағы «Қайрат» шаруа қожалығының жетекшісі Сәкен Сәдуақасов қырманда 300 тоннаға жуық бидайдың жатқанын айтып, көңілі құлазып отыр. Қарашаның қары қыламықтап жауа бастады. Ашық аспан астында жатқан дымқыл бидай қызып кетуі мүмкін. Тасиын десе, керосині жоқ. Ала жаздай алапат еңбегінің нәтижесін көре алмай қалуы да ықтимал.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

3 ТІРШІЛІК – КҮРЕ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА

6 АЛТЫН КӨПІР

7 ТҮБЕК ТУРИЗМ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ

9 ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ҚАЖЕТ

onthewebJASQAZAQ.KZ

ОҚШАУ ОЙ



Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты:

«Теңге еркін айналымға түскелі ұлттық валюта тұрақтамай–ақ қойды. Теңге күнде құбылып тұрған соң, кәсіпкерлер мен азаматтар үнемі девальвациядан қауіптеніп күн кешуде. Мәселен, тамыз бен қазан айының аралығында 328–ден 345 теңгеге дейін көтерілді. Теңгенің бағамы нақты фактормен емес, валюта нарығындағы алыпсатарлардың пайдасына қарай белгіленеді. Төл ақшамыздың тағдырын 15–25 ойыншы шешіп отыр. Яғни құны қор биржасынан тыс жерде анықталады. Соның салдарынан миллиардтарын банкте ұстап отырған азаматтар мен саудасы тікелей ұлттық валютаға қатысты кәсіпкерлердің табысы төмендеп кетті. Бұл аздай, теңгемен ішкі инвестиция тарту, шағын және орта бизнеске несие, қарыз беру тіптен қиын. Ал Ұлттық банк екінші деңгейлі банктердің шетел валютасын кімнен алып, қаншадан сатып жатқанын қадағаламайды»

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) 63,42

RUB 5,63

DOLLAR 333.76

EURO 386.93

COM 4.81

АЛТЫН (ун.) 1284,60

ЖҚ
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Елбасының 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Банктердің балансын тиімсіз несиелерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың капиталын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз ету керек. Банктердің ахуалына жедел бақылау орнату үшін Ұлттық банкке көбірек құқық берген жөн. Ұлттық банк банктердің қателік жіберуін күтпей, оларға ықпал ететін шаралар қабылдау үшін формальды көзқарастан ықтимал қатерлерге жол бермейтін қадамдарға көшуге тиіс», – делінген. Осы аптадағы үкімет отырысында Bank RBK қаржылық жағдайын жақсарту бойынша бірқатар кешенді шара қарастырады. Сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері, «Барлығына тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын іске асыру барысы сынды өзекті тақырыптар талқыланды.

БАНК САЛАСЫНА БАСЫМДЫЛЫҚ КӨП

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов жалпы 139,5 млрд теңгеге 116 МЖӘ келісімшарты жасалғанын баяндады. 70 млрд теңгеге 53 нысан пайдалануға берілді, 69,5 млрд теңгеге тағы 63 нысан салынып жатыр. Олардың ішінде 45 білім беру нысаны, 27 денсаулық сақтау, 17 мәдениет және спорт нысаны, 7 сервистік-дайындау орталығы, «ақылды қала», энергетика және жолаушылар тасымалдары саласындағы 3 республикалық жоба бар.

Үкіметі отырысында Ұлттық банк, «Қазақмыс корпорациясы» және «Bank RBK» арасында көпжақты меморандумға қол қойылды. Меморандум Bank RBK қаржылық жағдайын жақсарту бойынша бірқатар кешенді шара қарастырады. Құжат ережесіне сәйкес, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Bank RBK капиталына 160 млрд теңге салу туралы шешім қабылдады. Өз кезегінде, Ұлттық банк жақын арада банктің шамамен 240 млрд теңге сомасында банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына қатысу туралы өтінімін қарайды.

Bank RBK қалыпқа келтіру мақсатында шамамен 600 млрд теңге сомасындағы проблемалық займдарды жеке арнайы құрылған компанияға беру туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ тараптар RBK банкінің квазимемлекеттік құрылым депозитін қайтаруы проблемалық займды қайтару шамасы бойынша жүргізіледі деп келісті.

Bank RBK өтімділіктің түсуіне қарай әлеуметтік тұрғыдан маңызды төлем бойынша міндеттемені орындай бастайды. Аталған және өзге де кешенді жұмыстарды іске асыру Bank RBK-ны қаржы қызмет нарығында тұрақты әрі сенімді серіктес етіп, банкті тұтастай қалыпқа келтіріп, өтімділікті жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осы отырыста үкімет Ұлттық банкпен және «Қазақмыс корпорациясы» бірлесіп, «Bank RBK Банкін» қалыпқа келтіру шараларының кешенін әзірледі. Бұл туралы үкімет отырысының қорытындысы бойынша журналистердің сұрағына жауап беру кезінде Ұлттық банктің төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Bank RBK активтері 970,7 млрд теңге болған. Қарыз портфелі – 717,8 млрд теңге, клиенттер қаражаты – 570,4 млрд теңге, соның ішінде жеке тұлғалардың салымы – 194,5 млрд теңгені құрайды. Есеп беру күніндегі Bank RBK жеке капиталы 97,6 млрд теңгені, жарғылық капитал – 64,4 млрд теңгені құраған.

Бұрын хабарланғандай, Ұлттық банк үкіметпен және әлеуетті инвесторлармен бірлесіп келіссөз жүргізді. Соның нәтижесінде банкті қалыпқа келтіру жөнінде кешен әзірленді.

Ұлттық банк басшысы арнайы қаржы компаниясына берілген міндеттемеге берілген портфельден түсетін түсім есебінен қызмет көрсетілетінін нақтылады.

Данияр Ақышев «Жақын уақытта Ұлттық банк басқармасы Қазақстан банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру жөніндегі бағдарламаға қатысу шеңберінде банктің шамамен 240 млрд теңге сомасындағы өтінімін қарайды», – деді. Одан ары Ұлттық банктің басшысы «Өтімділіктің түсуіне қарай жақын арада банк әлеуметтік тұрғыдан маңызды төлемдер бойынша, сондай-ақ ұсақ және орта салымшылардың депозиттері бойынша міндеттемені орындай бастайды», – деп атап өтті.

Қазіргі кезде банкте жеке тұлғалар жалпы алғанда, 28 139 есепшот ашып, 188 млрд теңгеге салым салған. Соған байланысты мемлекет Ұлттық банк, үкімет және квазимемлекеттік сектор қаражатының есебінен банкке қолдау көрсету туралы шешім қабылдады.

Ұлттық Банк Банктің ағымдағы зиянға әкеп соққан кредит саясатын іске асыруы бөлігінде Банктің уәкілетті органдарының қызметіне талдау жүргізеді, содан соң тиісті материалдар одан әрі шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберілетін болады.

ТЕГІН БІЛІМ АЛАДЫ

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасы туралы да айтылған еді. Үкімет отырысында сол жобаның іске асыру барысы қаралды. Атқарылған жұмыс туралы білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев пен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова баяндама жасады.

Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасын іске асыру 2017 жылдан басталды. Барлығы 817 колледж жұмыс істейді. Олардың 473 колледжі мемлекеттік, 344-і жекеменшік. Сондай-ақ Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жергілікті бюджет есебінен 2900 орындық төрт колледждің құрылысы, 520 орындық үш жатақхананы салу және жөндеу қарастырылған.

Техникалық және кәсіби білім оқу орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша барлығы 100 815 адам қабылданды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда ТжКБ-мен кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі – 24,8 мың орынға ұлғайды.

Бағдарлама шеңберінде оқыту қысқамерзімді курстар бойынша жүзеге асырылады. 2017 жылға 71 мың адамды оқыту жоспарланған. Бүгінгі таңда қысқамерзімді оқытуға 61 мың адам жіберілді.

Оқу жоспарларында қайталанатын пәндерді алып тастау, оқыту мерзімін қысқарту, жұмыс берушінің талабына сәйкес білім бағдарламалары 50%-ға дейін өзгерту есебінен оқу процесі оңтайландырылды. Ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 32 үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасының жаңартылуы аяқталады.

Қазіргі таңда 125 ТжКБ оқу орнының оқу процесіне әлемдік озық тәжірибе негізінде әзірленген 45 модульдік білім беру бағдарламасы енгізілді. Ағымдағы жылы жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен кәсіптерінің жіктеуіші қайта қаралды.

Бұдан өзге, ТжКБ педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша модульдік бағдарламалар әзірленді. Биыл осы бағдарламалар бойынша 5 200 адам, оның ішінде 300 колледж басшысы біліктілігін арттырды. Жалпы, 2021 жылға дейін ТжКБ тегін біліктілігін 720 мыңнан астам азамат алады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың мәліметіне сәйкес, Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерліктің 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен техникалық және кәсіптік білімі бар маманды даярлау және қысқамерзімді кәсіптік білім беру қарастырылған. Бағдарламаға қатысушылар стипендиямен, бір реттік ыстық тағаммен, жолақымен қамтамасыз етіледі.

Өңірлерде 402 колледж қысқамерзімді оқытумен 60 мыңнан астам адам қамтылған. Бүгінгі таңда оқытуға 21 мыңнан астам азамат ие болды. Бұдан өзге, тамыздан бастап жұмыс берушілердің оқу орталықтары базасында үш мыңнан астам отандасымыз оқып жатыр.

Т.Дүйсенова «Жалпы, 2021 жылға дейін бағдарлама бойынша 500 мың адамды оқыту көзделген», – деп атап өтті.

Жәнібек ҚҰРМАН,
Астана

Маман пікірі

КӨШ ЖҮРЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Еліміз, қазақ тілінің болашағы үшін үлкен қадам жасалды деуге болады. Елбасымыз қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

Латын әліпбиіне көшу – ұлттық мүддемізді қорғаудың басты тетігі. Елбасымыз айтқан «Ұлттық кодымызды» сақтау үшін және шетелде тұрып жатқан қандастарымызбен қарым-қатынасымызды жақсарту жолындағы маңызды шешім. Екіншіден, интернеттің кеңінен қолданылуы, халықаралық деңгейдегі сапа, талап тұрғысынан алғанда, латын әліпбиі жаңа технологияларды дамытуға ықпал етері сөзсіз. Әлемдік тәжірибе, ішкі және сыртқы тарихи-саяси жағдайлар да осыны көрсетіп отыр. Олай болса, жаңа әліпбиге көшуіміздің маңызды саяси шешім екендігі, түркі әлемімен ықпалдасуға, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына, ғаламтор тілін жетік меңгеруімізге жол ашатындығы айдан анық. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, латын графикасының бүгінгі әліпбиімізге қарағандағы тиімділігі мен оңтайлылығы ғалымдар тарапынан толық зерделенді деуге болады. Жүргізілген ғылыми-зерттеулер мен салыстырулар осы жайтты нақтылап отыр.

Десек те, қазақ тілі әліпбиінің қабылданған нұсқасы жұртшылық тарапынан әлі де қызу талқылануда. Ана тілімізді елдігіміздің тұғыры деп танитын барша әлеумет ұлтымыз үшін маңызды саналатын жаңа әліпбиге қатысты сауалын толассыз жолдап, пікірін айтып жатыр. Кейбір жекелеген сөздердің жазылуына, апострафтардың, үтірлі әріптердің көптігі, қосымшалардың жалғануы, өзге тілдерден енген сөздердің жаңа әліпби нұсқасында берілуі, оқылуына қатысты сауал көп. Бұл сауалдардың болуы да заңды. Көпшілік латынға көшу тек әліпби ауыстыру деп түсінеді. Бұл реформа негізгі үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережелерін бірдей қамтитындығын, алда атқарылар жұмыстың көп екендігін біліңкіремей жатыр. Жарлықтың өзінде латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшу мәселесі белгіленді. Енді алдағы кезең қабылданған әліпби нұсқасына қазақ тілінің ішкі заңдылығын, орфографиялық, орфоэпиялық ережесін, төл дыбыстарымыздың жеке ерекшелігін икемдеу кезеңі болмақ. Көш жүре түзеледі. Бекітілген жаңа әліпби нұсқасы алдағы уақытта ана тіліміздің қоғамдық қызметін толыққанды өтеуіне, тіл үйренушілердің қазақ тілін еркін меңгеруіне жағдай туғызады деген ойдамын.

Әсіресе, бізге, Мемлекеттік тілді дамыту қорының бүгінгі жұмысына латын графикасына негізделген жаңа әліпбиіміздің жаңа серпін берері анық. Қазір бізге елімізден тыс жерлерде тұратын қандастарымыздан, әсіресе, олардың жастар қатарынан көптеген өтініш хаттар түсуде. Қазақ тілін үйрену үшін біздің портал қызметіне жүгінетін шетелдік қазақтар орыс тілін, кириллицаны білмей қиналатындығын алға тартады. Сондықтан олар «Soyle.kz» порталының ағылшынша-латынша нұсқасын жасауымызды өтініп отыр. Біз енді осы іске бел шеше кірісіп, «Soyle.kz» порталының ағылшынша-латынша нұсқасын жасап, шетелдердегі қандастарымыз бен өз жастарымызға қазақ тілін латын әліпбиімен үйретуді қолға аламыз. Тіл үйрету бағытындағы болашақта қолға алатын жобаларымызды іске асыруда қазақ тілінің қолданыстағы екі әліпби нұсқасын да ескеретін боламыз.



Азат ШӘУЕЕВ,
Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры

Байқау

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыру мәселесі сөз болды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғаны, еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқанын айтты. Осы маңызды құжатта ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» туралы «Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістігінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас-қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ дерек пен сандардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдыр тұр» – деген еді.

БОЛАШАҚТЫҢ ЕСІМІ

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілінің тарихы. Жобада нақты адамдардың тағдыры мен өмірбаяны арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Елбасы «Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолы – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырына

өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі көрсетуіміз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс» – деп айтқан-ды.

Елбасы тапсырмасына орай, бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталған:

Бірінші: ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты азаматтарды қоғамға таныту.

Екінші: оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиалық алаңын қалыптастыру.

Үшінші: «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.

Міне, осы ұсыныстан кейін «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру мақсатында, El.kz интернет-жобасының платформасында 100esim.el.kz сайты ашылды. 2017 жылдың 7 маусымында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «100 жаңа есім» жобасына өтініш қабылдау басталғанын хабарлады.

Осылайша алғашқы өтініш-хаттар 7 маусым күні келіп түсе бастады. Қабылдау 15 қыркүйекке дейін жалғасты. 3 айдың көлемінде 100esim.el.kz сайтына 2000-нан аса хат келіп түсті. Барлық кандидаттардың өмірдерегі, табысқа жету сыры сайтта толық жарияланды.

Әрі қарай – жұмыс тобы мен сарапшы комиссия келіп түскен жұмыстарды қоғамдық пікірге сүйене отырып, іріктеді. Алдымен 500 кандидат іріктеліп, екінші кезеңде 302 үміткердің кандидатурасы жобаның шешуші кезеңіне таңдалды. 18 қазан күні 100esim.el.kz сайтында үміткерлерге дауыс беру басталды.

Бүгінге дейін кандидаттарға жалпы саны 202 871 дауыс берілген. Қарашаның 4 күні Mega Silk Way сауда ойын-сауық орталығында El.kz интернет-жобасының редакциясы Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бастама еткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының ақтық кезеңінің қатысушылары үшін дауыс жинау бойынша офлайн-акция өткізді.

Акция екінші рет ұйымдастырылып отыр. Өткен аптада да El.kz командасы Mega Silk Way сауда ойын-сауық орталығында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының ақтық кезеңінің қатысушылары үшін дауыс жинау мақсатында 29 қазан мен 4 қараша күні офлайн-акция ұйымдастырған болатын. Дауыс берудің жылжымалы пунктінде 350 астаналық лайық деп тапқан кандидаттарға дауыс берді.

EL.kz интернет-жобасының бас редакторы Бәлла Орынбетова «Дауыс берудің аяқталуына санаулы күндер қалғандықтан, мүмкіндігінше белсенділік танытуға күш жұмсаудамыз. Өткен аптадағы акцияның нәтижесі халық арасында жоба туралы ақпараттың кеңінен таралуына ықпал етті. Дауыс беруге келген адамдар тізім арасынан өз жерлестерінің есімін көргендіктен дауыс беруге ынталы екендіктерін айтып жатады. Біздің мақсатымыз – жоба туралы, жобаның беделі туралы кең ақпарат таратып, халықты құлақтандыру» – деп түсіндірді.

Қазан айының 18-күні www.100esim.el.kz сайтында жобаға қатысушы финалистерге дауыс беру басталғанын естеріңізге саламыз. Барлық үміткерлер қызмет саласына қарай, 6 категорияға орналастырылды. Олар: ғылым, спорт, медицина, қоғам, бизнес және мәдениет.

Онлайн дауыс беру қарашаның 10-күні, яғни бүгін аяқталады. Дауыс берудің нәтижесі «Қазақстандағы 100 жаңа есімді» анықтайды. Көп дауыс жинау бойынша «Бизнес» категориясы көш бастап тұр деп айтуға болады. Дауыс беру бойынша өңірлерден Оңтүстік Қазақстан облысы өте белсенділік танытып отыр. 302 кандидаттың ішінде «Қоғам» категориясында адам саны көп. «Медицина» саласынан ұсынылған өте білікті дәрігер мамандар баршылық.

Бақытгүл АБАЙ,
EL.kz порталының шығарушы редакторы

АЛЫСТЫ ЖАҚЫН ЕТЕДІ

Азия-Тынық мұхиты аймағынан Еуропаға біздің еліміз арқылы өтетін транзит жолы теңіз бағытына қарағанда анағұрлым қысқа. Бұл Еуропа-Қытай бағытында тасымалданатын жүк ағымын жыл өткен сайын арттыруға мүмкіндік береді. Осы артықшылықты пайдалану мақсатында жүк жеткізу жылдамдығын қамтамасыз ету, технологиялық процестерді оңтайландыру, тасымалдың мультимодальдық тәсілін қолдану, автоматтандырылған жүйені енгізу жұмыстары қолға алынды. Сонымен бірге елдің транзит әлеуетін арттыру автокөлік жолдары, теміржол және әуе жолдарын қайта бағамдап, жаңғыртуды қажет ететіні түсінікті.

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

ТІРШІЛІК – КҮРЕ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА

2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты – көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту. Оны макроөңірлерді хаб қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асыру жоспарланған. Көлік-логистика инфрақұрылымы шұғыла қағидаты бойынша аймақтарды бір-бірімен жалғап, еліміздің бас қаласы – Астанада тоғыстыруы тиіс. Айта кету керек, «Нұрлы жол» бағдарламасы іске қосылғалы үш бағытта, яғни автожол, теміржол және әуе жолдары саласында біршама жұмыс атқарылды. Ең алдымен автожол құрылысына тоқталайық.

Халық даналығы «Жақсы жол ұзақ та болса жақын, жаман жол жақын да болса алыс» дейді. Бізде ауыл-аймақтарға негізінен тек автокөлік жолымен жетуге болады. Оның үстіне сауда-саттық және экономикалық байланыс тек шетелмен ғана емес, өңірлер арасында да тоқтамай жүруі тиіс. Сондай-ақ даңғыл жол тек ары-бері қатынау немесе жүк тасымалы үшін ғана емес, туризмді дамыту үшін де маңызды. Ал 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы осы автокөлік жолдарын ретке келтіруді көздейді. Бағдарламаға сәйкес, ұзақтығы 7 мың шақырымнан асатын 11 автожол жобасын іске асыру қарастырылған.

Жұмсалатын қаржы – 2,4 трлн теңге. Ұлттық қордан 301,3 млрд теңге сомасында қаражат бөлінсе, халықаралық қаржы институттарынан 6,3 млрд доллар қарыз ақша тартылады.

Айта кеткен жөн, тәуелсіздік жылдары республикалық деңгейдегі 10 мың шақырым жол қайта жаңғыртылды. Астана-Щучинск тұңғыш автобаны (221 км) салынды. Астана-Қостанай-Челябі, Ақтөбе-Орал-РФ шекарасы, Көкшетау-Петропавл, Павлодар-Омбы және Атырау-Бейнеу жолдары жаңғырды. 2009-2016 жылдары аса ірі жоба іске асты: «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі (2452 км) құрылды.

2013 жылдан бері Орталық-Оңтүстік, Орталық-Шығыс және Орталық-Батыс дәліздерінің құрылысы жүріп жатыр. Бұл – аймақтарды Астанамен шұғыла қағидаты бойынша байланыстыратын бағыттар. Осы жобалардың инвестициялық кезеңінде 200 мыңға тарта жұмыс орны құрылады деп жоспарланғаны мәлім.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН ЖОЛДАР

Биылғы жылы ел аумағындағы тасжолдарды қайта қайта жаңғыртуға және жаңадан жол салуға 356, 2 млрд теңге бөлінді. Жоспардағы 4,4 мың шақырымның 602 шақырымы пайдалануға берілді. Осы кезге дейін қолға алынған жобалар жалғасады. Сонымен бірге жаңа жолдардың құрылысы басталады.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖОБАЛАР:

*** Теміртау-Қарағанды** – 14 шақырым
Құны – 11 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2018 жж.
*** Астана-Павлодар-Семей-Қалбатау** – 916 шақырым
Құны – 394 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2010-2019 жж.
*** Бейнеу-Ақтау** – 470 шақырым
Құны – 122 млрд
Жүзеге асырылу мерзімі – 2011-2017 жж.
*** Қапшағай-Талдықорған** – 141 шақырым
Құны – 57 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2012-2017 жж.
*** Петропавл – РФ шекарасы** – 68 шақырым
Құны – 32 млрд теңге
Жүзеге асырылатын мерзімі – 2017-2019 жж.
*** Орал – Тасқала** – 100 шақырым
Құны – 23 млрд теңге
Жүзеге асырылатын мерзімі – 2015-2018 жж.
*** Қордай асуын айналып өту** – 80 шақырым
Құны – 20 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2015-2018 жж.



ОРТАЛЫҚ-ОҢТҮСТІК
(карта, Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі)

Ұзындығы 1200 шақырымды құрайтын ірі жобаның құны – 880 млрд теңге. Ұлттық қор, республикалық бюджет және сыртқы заем есебінен қаржыландырылады. Құрылыс жұмыстары Астана-Теміртау, Астана-Қарағанды, Алматы-Қапшағай аралығында жүрді. Астана-Қарағанды бағытында 171 шақырым, Алматы-Қапшағай тасжолы пайдалануға берілді. Жоба 2020 жылы аяқталуы тиіс.

ЖАҢА ЖОБАЛАР

*** Ақтөбе-Мақат –** 484 шақырым
Құны – 185 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Атырау-Астрахань** – 274 шақырым
Құны – 134 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Бурылбайтал-Күрті** – 228 шақырым
Құны – 115 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2018-2020 жж.
*** Бурылбайтал – Балқаш** – 297 шақырым
Құны – 225 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2018-2020 жж.
*** Мерке –Бурылбайтал** – 266 шақырым
Құны – 102 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Талдықорған-Өскемен** – 763 шақырым
Құны – 290 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Ұзынағаш-Отар** – 95 шақырым
Құны – 59 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2019 жж.
*** Жетібай-Жаңаөзен** – 73 шақырым
Құны – 31 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2019 жж.

ОРТАЛЫҚ-ШЫҒЫС
(карта, Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі)

Астанадан Павлодар арқылы Өскеменге дейін созылатын жолдың қашықтығы 1000 шақырымнан асады. Құны – 390,5 млрд теңге. Ұлттық қор мен республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Астана-Павлодар бағытында 59 шақырым, Павлодар-Семей-Қалбатау тасжолында 171 шақырымы іске қосылды. Жобаны аяқтау 2020 жылдың соңына жоспарланған.

ОРТАЛЫҚ-БАТЫС
(карта, Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі)

Ресейдің Астрахань қаласына алып барады. Ұзындығы 1200 шақырымнан асатын жоба құны – 396 млрд теңге. Ұлттық қор, бюджет және халықаралық институттар есебінен қаржыландырылады. Бейнеу-Ақтау автожолында 210 шақырымы пайдалануға берілді. 2020 жылы аяқталуы тиіс.

*** Қалбатау-Майқапшағай** – 415 шақырым
Құны – 174 млн теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Үшарал-Достық** – 180 шақырым
Құны – 58 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Бейнеу-Аңжігіт** – 84 шақырым
Құны – 22 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Қостанай-Денисовка** – 114 шақырым
Құны – 37 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Щучинск-Зеренді** – 80 шақырым
Құны – 17 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Астана оңтүстік-батыс айналма жолы** – 33 шақырым
Құны – 56 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2020 жж.
*** Осинов асуы** – 32 шақырым
Құны – 22 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2019 жж.
*** Таскескен-Бақты** – 20 шақырым
Құны – 4 млрд теңге
Жүзеге асырылу мерзімі – 2017-2019 жж.

Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі

2015-2020 жылдар аралығындағы кезеңде «Шұғыла» қағидаты бойынша Астананы өңірлермен байланыстыратын тиімді өңіраралық автожолдар желісін құру үшін 6,7 мың шақырымнан астам 1 және 2-санаттағы автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жобаларды іске асырудың әсеріне өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығындарын қысқартудан, өңіраралық тасымалдардың жылдамдығын ұлғайтудан және тиісінше жолға кететін уақыт пен жолдарды пайдаланушылардың пайдалану шығындарын қысқартудан, сондай-ақ ЖКО санының азаюынан экономикалық пайда алу есебінен қол жеткізіледі. Жобалардың инвестициялық сатысы кезеңінде шамамен 200,0 мың жұмыс орны құрылатын болады.

Осы Бағдарлама шеңберінде республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау макроөңірлерді автомобиль қатынастарының бірыңғай тұтас сапалы жүйесіне біріктіреді, бұл макроөңірлерді жақындатуға және өзара дамытуға, сондай-ақ еңбек көші-қонын жақсартуға және азаматтардың жүріп-тұруы үшін жайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

ТҮЙІН:

«Нұрлы жол» бағдарламасының ойдағыдай орындалуы еліміздің көлік және әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартады. Мыңдаған адам жұмыспен қамтылады. Елдің күретамыры іспетті тасжолдардың сапасы жақсарып, жол жүру уақыты қысқарады. Жаңа бағыттар ашылады. Жүк тасымалы, транзит көлемі өсіп, бизнестің дамуына жағдай жасайды.

Салынған жолдардың бойында ұлттық стандартқа сәйкес 200-ден астам қызмет көрсету нысанын салу жоспары бар. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету саласының дамуына және жол инфрақұрылымын жақсартуға ықпалын тигізеді.

Бұған қоса, қалалар арасындағы көлік қолжетімділігін жақсарту есебінен жалпы өңірлік өнімнің орташа жылдық өсуі 80 млрд теңгені құрайды деп болжанды. Жаңа өндіріс пен жұмыс орындарын ашу арқылы күйзеліске ұшыраған аймақтарды көтеру мүмкіндігі пайда болады. Айталық, Орталық-Батыс жобасы Аркалық және Торғай аймақтары арқылы өтеді. Сөйтіп күре жолдың бойында тіршілік қыз-қыз қайнайтын кез де алыс емес.

Бетті дайындаған Гүлнар АХМЕТОВА

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Баспана – бақыт шамына жете алмай жүргендер қатарын азайту мақсатында елімізде мемлекет тарапынан түрлі тиімді шара қолға алынып жатқанын жасырып қалуға, әсте, болмайды. Мәселен, соңғы жылдары жүзеге асып келе жатқан «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламалары аясында мыңдаған шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл сөзімізді тапқан табысының аз да болса бір бөлігін мемлекеттік бағдарламаға аударып, пәтерлі болған жандар растай алады. Аталған бағдарламалардың атауын күнделікті көк жәшіктен естіп, баспасөз беттерінен оқып жүрміз. Дейтұрғанмен, көпшілігіміз оған қатысудың ретін, ол арқылы баспаналы болудың жолын біле бермейтініміз жасырын емес. Осы орайда, мембағдарлама арқылы баспанаға қол жеткізу жолдарын саралай отырып, олардың Жамбыл облысында жүзеге асу барысын бағамдап көрген едік.

БАҒДАРЛАМА – ІС ЖҮЗІНДЕ

Баспана

Жалпы, бүгінде киелі Әулиеата өңірінде 20 мыңнан астам адам пәтер кезегінде тұрса, оның 14 180-і Тараз қаласында, қалғаны облыстың 10 ауданында екен. Базбіреулер осыншама адамнан кейін бізге үй қайдан тисін деуі мүмкін. Бірақ мұншама адамды тұрғын үймен қамту мүмкін емес шаруа дегенге келісуге болмайды. Оған өңір тұрғындарын баспанамен қамту мақсатында қолға алынған шаралар сеп болуда.

Мәселен, облыс орталығы Тараз қаласының өзінде түйіні тарқатылған тірлік көп. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында алдыңғы жылдан бері шаһардағы «Арай» алқабынан 15 көп қабатты үйдің құрылысы басталды. Соның ішінде 10-ы ағымдағы жылдың шілде айында, яғни «Астана күні» мерекесіне орай ипотекалық және жалдамалы негізде пайдалануға берілген. Демек, осыдан бірер ай бұрын ғана 800-ге жуық отбасы қоныс тойын тойлаған.

Әрине, шаһардағы пәтер кезегінде тұрғандардың бәрін бір сәтте баспанамен қамту мүмкін емес. Дегенмен, кезекте тұрғандардың санын арнайы қабылданған бағдарламалардың азайтатыны анық. Оған 1, 2 топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтар, толық емес отбасы және жанұясында мүмкіндігі шектеулі жас баласы барлардың, баласының саны төртеуден көп отбасының, мемлекеттік, бюджеттік мекеме қызметкерлерінің пәтер кезегіне тұрып, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» арқылы баспаналы болуы дәлел бола алады. Сондай-ақ атында соңғы 5 жылда үйі болмаған, тұрақты айлық табысы бар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшысының да бірер жылда баспаналы болуына мүмкіндік мол.

«Қазақстанның ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамының облыстағы өкілі Пернебек Бекмолдаевтың айтуынша, былтыр көне шаһар көлемінде 450 пәтер пайдалануға беріліпті. Оның 40 пәтері қаладағы В.Маяковский көшесінің бойынан бой көтерген тұрғын үйде болса, қалғаны «Атшабар» тұрғын үй кешені мен «Бәйтерек» шағынауданында.

«ҚИК» өкілінің берген мәліметіне сүйенсек, «Бәйтерек» ықшамауданынан екі бөлмелі пәтер алғандар айына 31 мың 600 теңгеден 20 жылда төлеп бітуі тиіс екен. Жеңілдетілген бағамен сондай баспанаға қол жеткізгендердің бірі – Тараз қаласының тұрғыны Жібек Торғын.

Ол «Жалпы, кез келген адамның бүгінде жеке үй салып алуға мүмкіндігі бола бермейді. Мен де баспаналы болуды армандайтынмын. Былтыр «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жас маман ретінде «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы «Бәйтерек» ықшамауданынан 1 бөлмелі пәтерге қол жеткіздім. 38 шаршы метрлік баспанама ай сайын 25 мың теңге төлеп отырмын. Ал айлық жалақым 70 мың теңге. Мен үшін тиімдісі осы», – дейді.

Расында да, бүгінде баспана салу да, сатып алу да оңай шаруа емес. Әсіресе, жаңадан үй тұрғызудың қиындығы шаш етектен екен. Мұны тәжірибелі құрылысшы Жүсіп Құдайбергенұлымен сөйлескенде анық аңғардық. Ол үшін маманнан орташа көлемді *(ені 10, ұзындығы 12 метрлік 5 бөлмелі)* үй тұрғызу үшін жұмсалатын қаражатты шамамен есептеп беруді өтінген едік.

– Күйдірілген қызыл кірпіштің бағасы 25 теңге дегеннің өзінде, орта есеппен жоғарыда атап өткендей, көлемдегі үй салуға 35 мың кірпіш қажет. Құрылысшылар осыншама кірпіш қалағаны үшін 800-900 мың теңге алады. Іргетасына әрқайсысы 20 мың теңгеден жүк көлігімен 3 рет қиыршық тас, осындай жүк көлігінің бір қорабымен 30 мың теңге тұратын ірі құм түсіру керек. Сондай-ақ, 6 тонна цемент қажет. Оның әр тоннасы орта есеппен 20 мың теңге. Белдемше ағаш, қапсырма шеге, профнастил секілді құрылыс материалдарын қоса есептегенде шатырының өзі бір миллион теңгеге жабылады. 600-700 шаршы метр болатын қабырға сылағы мен бөлмелерді іргетаспен бірдей етіп толтыруға 7-8 көлік шағал тас, еденін тегістеуге 3 тонна цемент және 7-8 тонна майда құм жұмсалады. Шаршы метріне 800 теңгеден сылақшыға, өзге де құрылыс жұмыстарының ақысына кететін қаражатты айтпағанда есік, терезеге орта есеппен 350-400 мың, ішкі әрлеу жұмысына 600-700 мың теңге ақша керек. Осының барлығын есептегенде, үйді көтеріп, оның бастапқы кейіпін алуының өзіне 6-7 миллион теңге жұмсауға тура келеді. Әрі оны бір жылда тұрғыза алсаң жақсы. Одан бөлек, мұндай үй салу үшін бүгінде шаһардан 8-10 соттық жерді 1 миллион теңгеге табуың екіталай. Сондықтан, ақшасы баспана салуға жеткіліксіз, бір айлыққа қарап отырған азаматтар үшін мемлекеттік бағдарламаға қатысу арқылы пәтер алғаны тиімді деп ойлаймын, – деді ол.

Негізінде, белгілі бір санатқа жатпайтын жұртшылықтың «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы кредиттік тұрғын үй алуына мүмкіндігі бар. Мәселен, биыл «Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамы арқылы салынған 315 пәтерлі арендалық 4 көпқабатты тұрғын үйдің ішкі-сырты жұмысы толық аяқталып, сатылуға дайын тұр екен. Бүгінде 480 пәтерді сатып алуға 895 банк салымшысынан өтініш түсіп, 127 салымшының төлем қабілеті анықталыпты. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» Жамбыл облыстық филиалының сату және дамыту бөлімінің басшысы Бердияр Құттыбаевтың айтуынша, мемлекеттік бағдарлама аясында салынған үйлердің әр шаршы метрі 116 мың теңгеден аспайтын көрінеді.

– Кредиттік тұрғын үйге қол жеткізгісі келгендердің тұрғылықты мекенжайы маңызды емес. Бастысы, ол міндетті түрде біздің банктің салымшысы әрі пәтер құнын белгілі бір мерзімде төлеп бітуге қабілетті болуы шарт. Алғашқы жарна үшін пәтердің жалпы құнының 30 пайызын төлесе болғаны. Осыны тұрғындар білмейді емес, біледі. Бірақ біздегі құны шамамен 7-8 миллион теңге тұратын 2 бөлмелі пәтерді қымбатсынып, осыдан 40 жыл бұрын салынған пәтерлерді 5-6 миллион қаражатқа сатып алуда. Біз есептеп көрдік. Көбісі пәтердің шаршы метріне мән бере бермейді. Сатылған кейбір ескі пәтерлердің шындап келгенде, шаршы метрі 120 мың теңгеден, орталықта одан да қымбатқа түсуде, – дейді банк қызметкері.

Тұрғындарды баспанамен қамтудың тағы бір жолы – оларға жер телімін үлестіру және көпқабатты немесе бір типті үйлер салу. Мәліметке сүйенсек, Тараз қаласы бойынша 65 мың адам жер телімін алуға кезекте тұр екен.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша халықтың әлсіз топтары үшін сатып алу құқығынсыз 17,7 мың шаршы метрлі, барлығы 258 пәтер болатын 4 көп қабатты тұрғын үйдің құрылысына республикалық бюджет есебінен 1,56 миллиард теңге бөлініпті. Жыл соңына дейін 3 үй пайдалануға берілмекші. 80 пәтерлік 1 тұрғын үйдің құрылысы келер жылы қолға алынатын көрінеді. Осы мақсаттағы жұмыс әр ауданда көрініс табуда.

Жамбыл облысы әкімдігі құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Әділет Ахатаев аталған кредиттік үйлердің сатылымын тездетіп жүргізу үшін жергілікті атқарушы мекемелер банк қызметкерлерімен бірлесе жергілікті жерлерде түсіндірме жұмысын жандандыру керектігін айтады.

Биыл пайдалануға берілген тұрғын үй

– Бағдарлама бойынша тұрғын үйлерді негізінен облыс орталығында көптеп салу көзделген. Бұл бағытта Тараз қаласының «Автобекет» аумағындағы 14-ші шағынаудан үшін 100, Ы.Сүлейменов көшесінің соңындағы 15-ші шағынаудан үшін 362 гектар жер бөлінді. Қазір мемлекеттік бюджет есебінен 37 көп қабатты тұрғын үйлердің жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда. Оның 12-сіне сараптама қорытындысының оң шешімі алынды. 14 жобаға жыл соңына дейін сараптама қорытындысы алынады деп күтілсе, 11 жоба келер жылға қалып отыр. Ал 15-ші шағынауданда 10 жобаның құрылыс жұмыстары 1,8 миллиард теңгеге татитын құнды қағаздар шығару арқылы басталып, келесі жылы пайдалануға тапсырылады.

«Нұрлы жер» бағдарламасына сәйкес тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалаларында 180 мың теңгеге дейін, қалған өңірлерде – 140 мың теңгеге дейін белгіленген. Біз облыс тұрғындарының төлем қабілетін ескере келе, облыс әкімі Кәрім Көкірекбаевтан салынатын тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін 116 000 теңгеден сатып, айырмасын облыстық бюджет есебінен субсидия ретінде қаржыландыруға ықпал етуін сұрадық, – дейді Ә.Ахатаев.

Жалпы, осы шағынаудандардың жоспарында 15 760 пәтер, яғни 358 көп қабатты және 922 жеке тұрғын үй мен балабақшалар, мектептер, емхана және 200 төсектік онкологиялық диспансері бар кешенді медициналық кластер аумағын, заманауи неке қию сарайы және демалыс, спорт, ойын-сауық орталықтарын салу көзделіпті.

Жеке тұрғын үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынатын болғандықтан, 15 ықшамауданда кезекте тұрғандарға 250 жер телімі қарастырылған. Ал, облыс әкімдігінің өңірлік үйлестіру кеңесінің хаттамалық шешімі бойынша 3 бірдей құрылыс компаниясы өз есептерінен 205 бір типті жеке тұрғын үй тұрғызуға мүмкіндік алыпты. Келер жылы 455 бір типті жеке тұрғын үйлер пайдалануға берілмек.

Аталған жұмыстар алдағы аз ғана уақытта жүзеге асатыны анық. Бұл – «Өз үйім – өлең төсегім» деген сөзді айтуға нарық мойын бұрғызбай жүрген тараздықтардың біршамасының баспаналы болуына зор мүмкіндік бергелі тұр. Ол үшін пилоттық режимде салынатын жеке тұрғын үй құрылыстарын бастап кету үшін Тараз қаласының әкімдігі жобалық-сметалық құжаттарды тездетіп дайындап, жер телімін алуға кезекте тұрғандар мен өзге де жобаға қатысуға ниет білдірген азаматтардың тізімін жасап, «Қазақстанның тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» арқылы олардың төлем қабілетін анықтау бойынша жұмыстарды жеделдетсе болғаны.

Ал Тараздағы Ы. Сүлейменов көшесінің соңынан түсетін 15-ші шағын аудандағы 205 бір типті жеке тұрғын үйлер тұрғындарға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы үлестірілмекші. Бұл үйге қол жеткізгісі келгендер Тараз қаласы бойынша жер теліміне кезекке тұрып, міндетті түрде аталған банктің салымшысы болуы қажет. Жер тегін берілетіндіктен, ол үйлердің әрбір шаршы метрі 120 мың теңгеге жуықтайды деп күтілуде.

Енді, осы бағытта Жамбыл облысының аудандарында атқарылып жатқан шараларға тоқталсақ. Қордай ауданында шамамен 6 779 адам жер алуға кезекте тұрса, бұл өңірде 2 тұрғын алқабы үшін 675 гектар жер телімі бөлініпті. Жүргізіліп жатқан инженерлік құрылыс жұмыстары аяқталған соң тұрғындарға 3161 жер телімі берілмек. Сол секілді, Байзақта – 4 066, Жамбыл ауданында – 8 074, Жуалыда – 1 490, Т.Рысқұлов ауданында – 2 659, Меркіде 3 713 азамат жер кезегінде тұр екен. Шу өңірінде де сұраныс жоғары.

– «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Шу қаласының «Жанқұлиев», «Горгаз», «Жетісу», «Алға» секілді жаңа тұрғын алқаптарын инфрақұрылым желілерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 827 миллион 602 мың теңге. Алдағы уақытта аталған тұрғын алқаптардан 600-ге жуық жер телімі кезекте тұрған азаматтарға беріледі. 2017-2018 жылдары бағдарлама ауқымын кеңейтуді көздеп отырмыз. Мәселен, Шу қаласы мен Төле би және Алға ауылдық округтеріндегі 431,4 гектар жерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу мақсатында жобалық-сметалық құжаттама дайындау үшін 18 миллион теңге қаражат бөлініп, жердің жоспарлау жобасы әзірленді. Негізінен, аудан бойынша 4598 азамат жер телімін алу үшін кезекте тұрса, 518 адам пәтер алғысы келеді. Біз ойласа келе, аталған алқаптардағы 2136 жер телімін «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы тұрғындарға үлестіруді жөн санадық. Себебі, жер телімін алғысы келетіндер сұранысының 68,4 пайызын, пәтерге деген сұраныстың 67,5 пайызын осындай жолмен орындауға мүмкіндік туып тұр, – дейді Шу ауданының әкімі Қайрат Досаев.

Ал облыстың Талас, Сарысу, Мойынқұм аудандарында, шағын қалаларды қоспағанда, жер телімін алуға ешкім кезекке тұрмаған сыңайлы. Есесіне, Жаңатас, Қаратау, Шу қалаларында соңғы жылдары жұмыс орындарының көптеп ашылуына байланысты тұрғындар шоғыры қалыңдай түскен. Сондықтан, мамандар жер бөліп, үй салғаннан гөрі сол қалалардағы бір кездері қаңырап бос қалған көп қабатты үйлерді қайта жөндеуден өткізгенді тиімді санайды. Өйткені, жаңадан салынатын үйдің құрылысынан оның құны екі есе арзанға түсетіні әу бастан белгілі. Осы мақсатта биыл облыстық бюджет есебінен Қаратау қаласында – 6, Жаңатас пен Шу қалаларында бір-бір үйді қайта жаңғыртудан өткізу көзделіп отыр.

Қорыта айтқанда, Жамбыл облысында атқарылып жатқан игі істер арқылы өңір тұрғындары мемлекеттік «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламаларының шарапатын шындап сезінетін күн жақындай түскенін түйсіндік.

Мұратхан ӘЛІМХАН,
Жамбыл облысы



Әлеуметтік тұрғын үй тапшылығы проблемасын шешу үшін неғұрлым перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемі ұлғайтылады.

Азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға және тұрғын үй берудің тиімді шарттарын жасауға оларды кейіннен жалға беру (сатып алу мүмкіндігімен немесе сатып алу мүмкіндігінсіз) үшін тұрғын үй объектілерін салу және (немесе) сатып алу арқылы қол жеткізілетін болады.

Халыққа оны сатып алудың түпкілікті бағасын төмендету мақсатында жалға берілетін тұрғын үйді ұсыну нарықтағы бағадан төмен және бастапқы жарнасыз тікелей жүзеге асырылатын болады.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Сұхбат

Елбасы Жолдауында ауыл шаруашылығы тақырыбына қатысты, оның ішінде аграрлық секторды дамытуға баса мән беру керектігі айтылады. Қазақстанның болашағы – ауыл шаруашылығында екендігі Жолдаудың негізгі өзегі ретінде көрсетілген. Осыған орай Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҰҒА вице-президенті, академик Тілектес Есболовтың пікірін білген едік.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

– Құрметті Тілектес Исабайұлы, Тәуелсіздік алған жылдардан бері еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуда қандай елеулі жетістіктерге қол жеткіздік? Алдағы уақытта ауыл шаруашылығын заман талаптарына сай дамытуда қандай күрделі мәселе бар?

– Бүгінгі күні жаңа заманның талабына бейімделіп, кез келген өзгерісті қабылдау үшін, ең алдымен, ұлттық болмыс пен рухани құндылықты сақтай отырып, терең білім мен зерделі ғылымды дамыту шарт. Әлемде орын алып отырған қаржы-экономикалық дағдарыстың әсеріне қарамастан, елімізде әр салада индустриалды-инновациялық бағдарлама қолға алынып, көптеген игі жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл бағытта, әсіресе, мемлекетіміздің ауылды дамытуға қатысты тың бастамаларының оң нәтиже бере бастауы көңіл қуантады. Елбасы жуырда жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылына, қалаң мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады» – деді.

Ауылдың заманауи талапқа жауап беруі елдің азық-түлік қауіпсіздігіне және өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз ету қабілеттілігіне байланысты. Ауылды көркейту ұзақ мерзімді стратегиялық міндет қатарында қала береді. Ел халқының 43 пайызы, яғни 7,7 миллион адамның ауылдық жерде өмір сүруінің өзі ауыл экономикасы мен инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығын дәлелдей түседі. Ауыл халқы қазіргі нарықтық қатынас жағдайында агроөнеркәсіп секторын дамытуда қомақты табысқа қол жеткізуде. Соңғы 10 жыл ішінде ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі 4 есеге, ал ауыл шаруашылық өнімдерді экспорттау 3 есеге өсті. Бұл – Елбасының агросектор бойынша тапсырмасының орындалып жатқандығының дәлелі.

Кейінгі жылдары еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін инновациялық бағытта дамыту арқылы жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Астық өндірісінің қарқынды дамуы арқылы Қазақстан әлем алдында өзінің «астық державасы» мәртебесін айқындады. Қазіргі уақытта еліміз дүниежүзінің 70 мемлекетіне 5-тен 10 миллион тоннаға дейін астық экспорттайды. 2016 жылы елімізде 23,7 миллион тонна бидай алынып, рекордтық өнім жиналды. 2016 жылы ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 35 пайызға өсіп, оның көлемі 228 миллиард теңгеге жетті. Республикамызда ауыл шаруашылығын әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Майлы және азықтық дақылды өсіретін алқаптың аумағы кеңейді. Қазіргі кезде майлы дақыл 2 миллион, мал азықтық дақыл 3,5 миллион гектар жерге себіледі. Осыдан-ақ елімізде агроөндірістік кешеннің жаңа сипатта дамуына барынша жағдай жасалып отырғанын көруге болады. Дегенмен, қоғам мен уақыт алмасқан сайын ауыл шаруашылық маманына қойылатын талап та заманға сай жаңаруда.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған жаңа Жолдауында «аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» деп ерекше атап өтті. Бүгінгі күні Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында, әлемдік нарықта экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті, сапалы өнім өндірісін ұлғайту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл ретте агроөнеркәсіп кешенін дамыту әр аймақтың өз ерекшелігіне сәйкес жүргізілгені тиімді. Мысалы, елдің оңтүстік аймақтарында көкөніс пен жеміс-жидек, қант қызылшасын, күріш, мақта өсіруге басымдылық берілсе, солтүстікте астық өндірісі бірінші орында. Осы талапқа сай әр ауданда, әр облыста табиғи-климаттық факторды есепке ала отырып, аграрлық саланы дамытуды қолға алуға тиіспіз. Жергілікті жерде өсіруге қолайлы және пайдасын әкелетін дәнді дақылдың сортын, көкөніс пен жеміс түрін өсіруге шаруаның мамандануы ауылды көркейтері сөзсіз.

– Мемлекет басшысы еліміздің аграрлық саласын әрдайым назардан тыс қалдырған емес. Жолдау жүктеген міндетті іске асыру мақсатында ауыл шаруашылығы саласын өркендетуде кейінгі кезде қандай заңнамалық құжат пен тиімді бағдарлама жасалуда? Қазақстанның агроөндірістік кешенінде отандық өнімнің үлесі қандай деңгейде?

– Былтыр «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы», биыл «Жайылымдар туралы» жаңа заң қабылданды. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» үкіметте бекітіліп, қазіргі уақытта іске асуда. Биылғы Жолдау міндеттері бойынша 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылығы мен шағын фермерді кооперативтерге біріктіру жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығын субсидиялау мен несиелендірудің жаңа шарты жүзеге асырылатын болады. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арнайы салық жүйесі енгізіледі. Жер салығынан басқасына 70 пайыздық жеңілдік қарастырылған. 5 жыл ішінде суармалы егіс алқабын 40 пайызға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу көзделуде. Өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми-зерттеулерге салынатын инвестиция көлемі ұлғаяды. Алдағы 5 жыл ішінде мемлекет тарапынан осы салаға 2,3 триллион теңге қаржы бөлінетін болады.

Бүгінгі күні еліміздегі кейбір тұтынылатын азық-түлік өнімінің 40 пайызы импорт есебінен қамтамасыз етіледі. Сырттан әкелінетін өнімдердің барлығы дерлік өңделген дайын өнім және оларға жыл сайын орташа 1,8 миллиард АҚШ доллары жұмсалады. Сондықтан бірінші кезекте отандық агронарықта алдыңғы қатарлы агротехникалық шара кешенін қолдануға бағытталған ірі тауарлы шаруашылық қалыптастырып, «алқаптан тұтынушыға дейінгі» технологиялық үрдісті қамтамасыз ету қажеттігі туындады. Әлеуеттері үлкен кәсіпорындарда ғана инновациялық технологиялар мен ғылыми жобалардың нәтижесін енгізуге болатынын уақыттың өзі дәлелдеді.

> **«Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. Made in Kazakhstan бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс. Астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан көрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз»**
>
> *(Елбасының 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)*

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығындағы агроқұрылымдардың ұсақтығы ең өзекті мәселе. Олардың саны 185 мыңнан асады. Бүгінгі күні агроқұрылымдардың 93,3 пайыз шаруа қожалықтары, олардың 81 пайыз егістік алқаптары 50 гектардан аспайды. Елдегі барлық мал басының 52-ден 63 пайызға дейін үй шаруашылығында шоғырланған, яғни оларға мал шаруашылығының жалпы өнімінің 74 пайызы тиесілі. Мал шаруашылығы өнімін өндірумен негізінен үй шаруашылықтары айналысатынын ескерсек, саладағы өнімділік пен бәсекеге қабілеттілік деңгейі өте төмен. Көптеген шаруалардың техника сатып алуға қаржысы жетіспейді. Фермерлер өз өнімін негізінен ортадағы делдал арқылы өткізгендіктен, сатылған әрбір тауар бірлігінен алынатын пайданы *(70-75 пайыз)* делдал көріп келді. Шетелде бұл көрсеткіш 25-30 пайыз шамасында. Сондықтан, бүгінде аграрлық саладағы мамандар кооперацияны дамыта отырып, өндірісте үлкен жетістікке тек ғылым мен инновация арқылы жетуге болатынын жақсы түсінуі керек. Бүгінгі күні Қазақстандағы барлық шаруа қожалықтарының 84,2 пайызы еліміздің 6 өңірінде — Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында орналасқан.

– Еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін жаңғыртуға арналған заң мен мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда университет ғалымдары қандай үлес қосуда?

– Ауылға өзгеріс пен жаңалықты әкелетін — озық білім мен инновациялық ғылым. Білім мекемелерінің түлектері жаңа форматтағы ауылдың темірқазығына айналуы тиіс. Өз тәжірибемізге келсек, Қазақ ұлттық аграрлық университеті Елбасы анықтап берген нақты стратегиялық бағытпен жұмыс істеп келеді. 87 жыл терең тарихы бар отандық аграрлық білім мен ғылымының қара шаңырағы, ұлтымыздың аграрлық сала мамандарының ұстаханасы саналатын университетіміз ауыл экономикасын көтеруге қызмет ететін білікті кадрды даярлайды. Ауылдан шыққан жастар білім алатын университет түлегінің басым бөлігі бүгінде ауыл зиялылары контингентін қалыптастыруға негіз болып, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбекке белсене араласып, елге қызмет етуде. Біздің мақсатымыз — ауыл-ауылдан келген студенттерімізге тиісті білім беріп қана қоймай, олардың ел мен жердің қасиетін бағалайтын, туған топырақтың қадірін біліп, ауылын қадірлейтін және сол ауылдың зиялысына айналатын тұлға ретінде қалыптастыру.

– Ендігі кезекте, отандық агросекторға қойылып отырған жаңа талапты іске асыру үшін қандай іс-шараны бірінші кезекте іске асыру керек?

– Көптеген қиындыққа қарамастан, мемлекет бүгінгі күні аграрлық ғылым, білім саласына көрсетілетін көмек, серпінді инновацияны жүзеге асыру үшін мегагранттар бөлу, ғылыми-зерттеу жұмысына қаржы көлемін ұлғайту, жобаны технологиялық экспертиза мен сынақтан өткізетін ірі орталық құру сияқты көптеген өзекті мәселені шешуді қолға алуда.

Десек те, ғылыми-зерттеу институттары, тәжірибе шаруашылықтары және білім беру орталықтарының санына байланысты біздің елде басқа мемлекеттермен салыстырғанда «төңкерілген пирамида» байқалады. Қазақстан ғылыми-зерттеу институттары саны бойынша көптеген шетелден озық тұр, бірақ білім тарату орталықтарының саны анағұрлым аз. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижесінің өндіріске іс-жүзінде енгізілмей жатқанын, ал білім беру орталығы агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері үшін тек біліктілікті арттыру курсын өткізумен ғана шектелетінін көрсетіп отыр. Еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық тиімділігін жоғарылату үшін Қазақстандағы ғылыми-зерттеудің нәтижесін өндіріске енгізу, агробизнеске озық тәжірибе мен білімді тартуға, ауылдағы кәсіпкердің білімін көтеру үшін тәжірибе шаруашылықтарымен озық білімді таратудың заманауи жүйесін көбейту қажет. Сондықтан, Қазақстанда ғылыми-зерттеу институттарының санын көбейтуден гөрі инновацияға бейімделген тәжірибе шаруашылықтары мен білім тарату орталықтарының санын арттыру тиімді болар еді. Себебі қазіргі таңда елдің ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің 12%-ы ғана ортадан жоғары және жоғары білімі бар. Бәсекеге қабілетті, заманауи озық біліммен қаруланған, жаңаша ойлайтын кәсіби маманның тапшылығынан ауыл шаруашылығы саласында инновациялық технологияны игеру үрдісі баяу жүргізілуде.

Қазіргі кезде көптеген жаңа инновациялық жоба өндірісте қолдау таппай келеді. Оның себебі: қаржылық кедергі, экспертизаның жоқтығы, жобаның технологиялық сынаудан өтпеуі, ғалымдардың ғылыми-зерттеу нәтижесін өндіріске енгізуге дейінгі жауапкершілігінің болмауы және инновациялық жобаны ынталандыру механизмінің жетілдірілмеуі. Елбасы «Инновациялық Қазақстан – 2020» форумында инновацияның 4 бағытын анықтап берген болатын: елеулі, серпінді, түбегейлі, абсолютті инновация. Осы бағыттардағы инновациялық бастама елде жаңадан қалыптасып келеді. Мысалы, жалпы ішкі өнімнің 0,92%-ы ғана инновациялық өнімнің үлесінде. Сондықтан, жаңалық ашқан ғалымға, ғылыми институттар мен агробизнес құрылымдарына мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы нәтижелі жұмыс атқарған жағдайда мақсатты түрде инновациялық грант бөлінуі қарастырылғаны жөн.

Әңгімелескен Жарас ШӨКЕ

Маңғыстау ауданының орталығы Шетпеде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мерекесіне орай жиын өтті. Басқосуға облыс әкімі Ералы Тоғжанов, оның орынбасарлары, аудан, ауыл әкімдері, қаржы ұйымдары және шаруалар қатысты. Жиынға қатысушылар ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселелерді талқылап, ой-пікірлерін ортаға салды.

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН

Жиында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Қалдығұл осы жылы атқарылған жұмыстардан хабардар етті. Серік Қалдығұл «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығының негізі – дәстүрлі мал шаруашылығы, оның ішінде қой, түйе және жылқы шаруашылықтары. Маңғыстау облысында 12651,3 мың га жайылымдық жер бар. Өңірде мал шаруашылығында 1233 шаруа қожалығы және 24571 үй шаруашылығы бар. Шаруашылықтар негізінен Бейнеу ауданында – 220, Қарақия ауданында – 338, Маңғыстау ауданында – 379, Түпқараған ауданында – 157, Мұнайлы ауданында 139 шаруашылық бар. Осы жылдың 1 қазанындағы көрсеткіш бойынша қой-ешкі – 394253 бас, ірі қара – 17671, жылқы – 68386 бас, түйе – 56667 бас, құс 36501 басқа жеткен. Өңірде 36 асыл тұқымды қой, жылқы, түйе, ірі қара мал шаруашылығы бар. Облыс көлемінде 2015 жылы 49 мың тонна, өткен жылы 50,5 мың тонна шөп шабылды. Осы жылы 50 мың тонна шөп шабу жоспарланса, бүгінде 40 мың тонна пішен жиналған. Жайылымды суландыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 2014 жылы – 8, 2015 жылы – 64, 2016 жылы –73 құдық қазылса, 2017 жылдың 9 айында 28 құдық қазылды. Су көзіне сұраныс беруші шаруаға осы мақсатқа жұмсаған шығынының 80%-ы субсидия түрінде беріледі», – деді.

Оның айтуынша, егін шаруашылығында 120 шаруашылық және 13593 үй шаруашылығы бар. Егін алқабы өткен жылы 941 га болса, биыл – 1100 га. Өңірде 2014-2015 жылдары 15 жылыжай кешені болса, 2017 жылдан бері 5 өнеркәсіптік және 21 фермерлік жылыжай кешендері жұмыс жасап тұр. Аталған жылыжайлардан биыл 11500 тонна өнім алынған. Келесі жылы 7 гектар аумаққа 5 жылыжай салу жоспарланған.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов келешекте Құрықта су шығаратын зауыт салынатынын айтып, Құрық пен Ақтаудың арасында егін шаруашылығын дамыту қажеттігін назарға берді.

Жиында «Тұманша» шаруа қожалығының өкілі газ тарту, субсидия беру, салықтан босату мәселесін көтерді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Қалдығұл шаруаның құжаттары талапқа сай келмейтінін айтып, жыл аяғына дейін бұл мәселелер шешімін табатынын жеткізді. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов шаруаларға қағаздарды дұрыс толтыру үшін семинар өткізуді тапсырды.

> **«Жерді пайдалану тиімділігін арттыруға тиіспіз. Суармалы егіс алаңын 5 жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу қажет. Өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми-зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керек. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейтуді тапсырамын. Бұл міндеттер агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуы қажет»**
>
> *(«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасының 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан)*

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалы директорының орынбасары Нұржігіт Хайруллаев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы биылдан бастап ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша жұмыс жасап бастады. Республика бойынша біздің облысымыз ауыл шаруашылығы саласында кооперативтерді құру бойынша индикативтік жоспарға кірген жоқ. 2015 жылы заң шыққа да, облыста бір ғана кооператив болды. Мәселен, осы уақытта Қостанай облысында 93 кооператив құрылды. Жыл басынан бері ауылдарда шаруалармен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізуіміздің нәтижесінде қыркүйек айындағы есеп бойынша 17 кооператив тіркеуден өтті. Оның ішінде іске кірісе алмай жатқандар да, жұмысын бастап, несие алып, кәсібін бастап кеткендер де бар. Мысалы, Бейнеу ауданындағы «Бергенбек» кооперативінің 20 мүшесі бар. «Ынтымақ» бағдарламасы бойынша 35 млн теңге көлемінде несие алып, жұмысын бастады. Бейнеу ауданында – 5, Маңғыстау ауданында – 4, Жаңаөзенде – 4, Қарақияда – 2, Мұнайлыда – 2, Түпқарағанда 1 кооператив бар. Осылардың 50 пайызы жұмысын жүргізуде. Кәсіпкерлердің жер мәселесіне байланысты «Агрозона» бастамасын қолға алдық. Халық көп шоғырланған аудан орталықтарында, қаланың айналасында жер табу қиын, инфрақұрылым жоқ. Инфрақұрылым болғанда да күші жетпейді. Сондықтан биыл Бейнеуден басқа жерде «Агрозона» үшін жер телімдері бөлінді. Инфрақұрылым салынса, кәсіпкерлерге бөліп, жылыжай салуға жұмыстанамыз. Халық мемлекеттен берілетін қолдауды, көмектерді біле бермейді. Біздің палата қаржылай қолдау болса, әр аудан, ауылдарды аралап, түсінік жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр», – деді.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов аудан әкімдеріне шаруаларды оқыту жоспарын жасақтауды, кооперативтердің нақты жұмысы туралы мәлімет беруді тапсырды.

Ал «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Мұрат Баймағамбетов «Біздің қор арқылы осы жылы 118 азаматқа 401 миллион теңгеден астам қаржы берілді. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде 284 млн 400 мың теңге бөлінді. Қаражат маусым айында түсті. Тамыз айында толық игердік. Қор басқа да бағдарламалар арқылы 117 млн теңге несие берді. Несиенің мақсатты жұмсалуын қадағалап отырамыз. Берілген несиенің 75 пайызы ауыл шаруашылығы саласына бөлінеді. Несие көлемі жеткіліксіз. Жыл сайын мемлекеттік бағдарламамен бөлінетін қаражат мамыр, маусым айында беріледі. Бұл қаражатты аудару мерзімін наурыз айына дейін алуды шешіп беруінізді сұраймын. Облысымызда алғаш рет ауыл шаруашылығы кооперативтерінен өтініш қабылдап, қаржыландыруды бастадық. Бейнеудегі кооператив біздің қор арқылы 50 пайыздық субсидиямен 35 млн теңге алды. Біз «Бастау- бизнес» жобасы бойынша оқыған кәсіпкерлер үшін 90 млн теңге қосымша қаражат қарастырып, өтініш қабылдаудамыз», – деді.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Ералы Тоғжанов ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан кәсіпті қолдауға дайын екенін, саладағы мәселелер шешілетінін хабарлап, өңірде жемісті еңбек етіп жүрген шаруа қожалықтарының басшыларын алғыс хатпен марапаттады.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Елбасы өзінің биылғы халыққа арнаған Жолдауында әлемдік экономиканың барлық саласында цифрлау жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып, елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қабылдауға тапсырма берген болатын. Бұл жобаны қалыптастыруға электрондық және мобильді үкімет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласын оңтайландыру кіреді. Мемлекет басшысы дамыған елдермен тереземізді теңестіру үшін халықты жаппай компьютер пайдалана білуге машықтап, интернет саласын сапалы игеруді тапсырды. Бұған қоса, барлық мемлекеттік қызмет түрлерін әр мекемеге барып, кезекте тұрып, сабылып жүрмес үшін жеңіл түрде шешу жолдарын қарастыру да басты жоспарға енгізілді. Осылайша бүгінде ғаламтор арқылы үйде отырып та түрлі мәселеңізді шешіп алудың жолдары табылды.

OPEN ALMATY: АЛТЫН КӨПІР

Игі бастама

Соның бірі – Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылған «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Open Almaty қоғамдық қабылдауы. Ол 11 қыркүйекте өз жұмысын бастады. Мұнда небәрі екі айдың ішінде қала тұрғындарынан 2248 өтініш келіп түскен. Жобаның басты мақсатына тоқталар болсақ, ол күнделікті өмірдегі түрлі жағдайды шешуге байланысты қадамдық нұсқаудан тұрады. Аты айтып тұрғандай, бұл жария Алматы және ашық әкімдік деген мағына білдіреді. Нәтижесінде қала әкімдігінің қабылдау бөлмесі болып табылады. Open Almaty – екі кезеңмен жүзеге асырылатын күрделі жоба.

Бірінші кезеңде – күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешу open-almaty.kz порталы арқылы жүзеге асады.

Ал екінші кезеңде – ашық есік қағидаты бойынша қала әкімдігінің қоғамдық қабылдауын іске асыру және әкімдіктің тұрғындарға қолжетімділігі негізінде жүргізіледі. Фронт-офиске тікелей 1308 санын теру арқылы байланысқа шығуға да болады. Open Almaty порталы әркімді қызықтыратын мәселелерді шешіп беретін бірден-бір орын. Порталда денсаулық, білім, қаржы, жылжымайтын мүлік басқа да күнделікті және тұрмыстық мәселелер бойынша өз сауалыңызды жолдап, кеңес ала аласыз. Бұған қоса, халық пен билік арасындағы жаңа деңгейде қарым-қатынас орнату, әртүрлі әлеуметтік жағдайға байланысты қала тұрғындарына барынша көмек көрсету қолға алынды. Мұнда кез келген тұрғын өзіне керекті барлық ақпаратқа қанық бола алады. Мысалы, өзі тұратын аумақта қай жылы өз аумағында құрылыс не жөндеу жұмыстарын жүргізілетіні жайында, балаңызды басқа мектепке ауыстыру керек болса, әлеуметтік тұрғын үйді алғыңыз келсе, жеке бизнес ашқыңыз келсе. Егер сіздің мәселеңіз шешілмесе немесе қандай да бір арыз-шағымыңыз болса, порталда жазып қалдыруға болады.

БАРЛЫҚ СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ БАР

Фронт-офис жеке және заңды тұлғаларға қызмет етеді. Заңды тұлғалар өздерінің болашақта бизнес жоспары бойынша дүкен немесе құрылыс нысанын салғысы келетінін айтып, толықтай ақпарат алады.

Фронт-офиске қалалықтар өздерінің өтініш-тілегін, сондай-ақ әкімге хатын жеткізеді. Бұған қоса, кеңес алуға, кесте бойынша қаланың әртүрлі басқарма басшыларымен кездесуге мүмкіндік бар. Мұның тағы бір ерекшелігі – қоғамдық қабылдау бөлмесінде Алматы қаласындағы 8 аудан әкімдігінің өкілдері отырады. Сондай- ақ тұрғындардан ең көп өтініш түсетін негізгі 5 басқарма да осында. Бұлар автокөлік жолдары, сәулет және құрылыс, табиғат ресурстары мен табиғатты қорғау, тұрғын үй қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік басқармалары. Осы құрылымдарға қоса, мемлекеттік кіріс департаменті, ішкі істер департаменті, қалалық прокуратура бар. Осы аталған мекемелер бойынша кез келген тұрғын толықтай ақпаратқа қол жеткізеді.

Open Almaty фронт-офисінің басшысы Нұрлан Жайлаубай бүгінде тұрғындарға қажеттінің барлығы қарастырылғанын, тек соны тиімді пайдалана алса екен деген пікірде. Ол «Алматы қаласы әкімдігінің әр басқармасы әртүрлі мекен-жайда орналасқандықтан, қала тұрғындарына ыңғайсыздық тудырады. Тіпті өздерінің мәселесі бойынша нақты қай басқармаға өтініш беретінін білмейді. Ал мұнда бір ғана жерден түрлі мәселесін тиісті мамандарына жүгініп, бірнеше жұмысын тыңғылықты жайғастырады. Мысал келтірер болсақ, тұрғын үйге, ПИК-ке қатысты шағымдары болса, біздің көмегімізге жүгінеді. Тағы бір маңызды мәселе – егер балаңызды басқа балабақшаға не мектепке ауыстырғысы келсе, тікелей бізден барлық деректерді біле алады» – дейді.

Айта кетейік, Open Almaty жобасы Smart City тұжырымдамасын іске асыру шеңберіндегі Алматы әкімдігінің бастамасы болып табылады.

Негізінен, фронт-офис ашылмас бұрын осы жылдың 10 мамырында алдымен Open Almaty порталы өз жұмысын бастады. Портал арқылы фронт-офиске келмей-ақ өзі қалаған кез келген сұрақтың жауабын аз уақыттың ішінде табады. Егер сайт арқылы мәселені шешетін нұсқау таба алмаса, онда өтініш қалдырады. Өтініш қабылданысымен арнайы мамандар белгілі мерзім ішінде жауап қайтарады. Портал ішіндегі өзіңізге қажетті мағлұматты алу үшін нұсқаулықтар арқылы жұмысын жалғастырып отыруы шарт. Сонда ғана барлығы әрекетіне орай оңай әрі түсініктірек болмақ.

Бұдан бөлек, порталда интерактивті карта да жүйелі жұмыс істеуде. Ол арқылы тұрғындар кез келген уақытта қаладағы жол жөндеу жұмысы жүріп жатқаны туралы, жылу желілерін қайта жаңарту жөнінде мәліметті көріп отырады. Биылғы жылы қала әкімдігі жергілікті бюджеттен абаттандыру мақсатында 400 аулаға қаржы бөліп отыр. Ал осы Open Almaty порталында осы аумақтардың толық тізімі бар. Қазіргі таңда көптеген жастардың порталды қолданып, ал карттар фронт-офиске келіп жүр.

Жоба Алматы қаласы тұрғындары, кәсіпорындар мен келушілерге тіршілік түйіндерін шешуге көмектесуге бағытталған. Бірақ нормативтік құқықтық актілер арқылы реттелмеген. Бұған қоса, мемлекеттік органдардың стандарттар мен регламенттерді әзірлеу, оларды қайта жасау жолын көрсетуге көмектеседі.

Сонымен қатар жоба халық алдында әкімдік құрылымдық бөлімшелерінің қолжетімділігін және есеп беру мүмкіндігін арттырады.

Бұл қоғамдық қабылдау орталығы бір шаңырақтың астында әкімдіктің қоғамдық қабылдау орталығын, инвесторларға қызмет көрсету орталығы, туристік орталық, мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі, әкімдіктің бірыңғай Call-орталығы, сондай-ақ азаматтардың өтініштерін қарайтын құзырет орталықтарын біріктіреді.

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

Open Almaty қоғамдық қабылдау жобасының ресми өкілі Еркебұлан Кенжеболатов «Жобаны әркімнің өз сұрағына жауап табатын қалалық ақпарат көзі. Мұнда халықтың көкейіндегі сұрағына жауап тауып қана қоймай, белгілі қызмет түрлерін ұсынамыз дейді. «Жоба кедергісіз орта әрі барынша ашықтық қағидасын ұстанады. Қоғамдық қабылдау кеңес беріп қана қоймай, мемлекеттік және жергілікті деңгейде қызмет түрін ұсынады. Open Almaty порталы бойынша түрлі өмірлік жағдайларды шешу алгоритмімен қоса, қаланың коммуналды қызмет көрсету орындарының *(жол, арық, жылу жүйесін, аула және басқаларын жөндеу)* жұмыстарымен танысып, байланыса алады. Бүгінге дейін, әрине, халыққа қызмет көрсететін көптеген орындар мен мекемелер бар. Бірақ олардың жұмысының жиілігіне, уақытты созып жүретіндеріне байланысты тұрғындардан көптеген шағымдар түсіп жатады. Ал қоғамдық қабылдауда барынша жұмысты жедел түрде жасауға тырысамыз. Қателіктердің кетпеуін қадағалаймыз. Бізде барлық мәселеге байланысты сол саланың арнайы мамандары қызмет көрсетеді» – дейді.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін портал үш санатқа бөлінген. Олар: қала тұрғындарына, қала қонақтарына және бизнеске арналып отыр. Сондай-ақ портал қала әкімдігімен бірыңғай байланыс орталығы ретінде ойластырылған. Тұрғындар мен жергілікті билік арасындағы алтын көпір деп атауға да толық негіз бар. Нәтижесінде сайтта құрылған бірыңғай өтініштер базасы, соның жемісі ретінде қолданысқа ие. Соған орай қаладағы басқармалардың азаматтар өтініш қарау тәртібін бақылауды күшейтеді әрі тиімділігін арттырады.

Осы қоғамдық қабылдау ашылған екі айдың ішінде көптеген іс-шара өткізілді. Аз уақыттың ішінде көп түйінді тарқатып беретін бұл портал мен фронт-офис халықтың көңілінен шығып жатыр. Кез келген өтінішті жеткізе алатын бұл қоғамдық қабылдау бүгінде біраз шаруаның басын қайырғандығы көрініп тұр. Open Almaty қоғамдық қабылдау жобасының ресми өкілі Е.Кенжеболатов өздеріне келген шағымдарды жіті қадағалап, оны реттеудің жолдарын қарастырғандығын айтты. Ол «Бізге тұрғындар қаланың көп бөлігінде қоқыс жәшіктерін жоқ екенін айтып шағымдар түсірді. Ал біз аталған көшелерге барып, жағдайды көзбен көріп, қажетті жағдайларды жасадық. Керек десеңіз, қоқыс жәшіктерінде апарып орнаттық. Тағы осыған ұқсас жағдай «Қазақфильм» ықшамауданында да орын алды. Сыртқы қоқыстың ұзақ сақталып, халыққа жағымсыз иісі жеткендігін айтып, арыз қалдырыпты. Біз сол арада барып, мәселені шешуге тырыстық. Міне, осылайша барлық келіп түскен ақпараттары жауапсыз қалдырмауға тырысамыз» – дейді.

Мұнда көптеп қойылатын сұрақтар ең алдымен күнделікті өмірдегі ең маңызды мәселелер. Яғни қоғамдық көлік, ПИК, жылыту, қала жолдары, қоқыс бойынша тағысын тағы. Еркебұлан Кенжеболатов, әсіресе мұнда қоғамдық көліктегі келеңсіз жайттар жайында шағым түсетінін жасырмады. Ол сөзін былай жалғады. «Жақында ғана жаңа қоғамдық көлік, яғни автобустың жаңа түрлері жолға шықты. Шағымдарды ескере отырып, барынша оңтайлы жолдар қарастырдық. Өйткені бір ғана мысал, №65 автобусты алайық. Оның ескіргені, олқылықтары жайында әкімдіктің Instagram әлеуметтік желісіне де, бізге де толассыз хат келіп жатты. Соны ескере келе, мәселені барынша шеше алдық десек те болады»

Бұған дейін қала әкімдігі өздеріне түсетін барлық ақпараттан құлағдар болу үшін Instagram әлеуметтік желісі арқылы жұмыс жүргізген болатын. Бір ғана желіге күн сайын толассыз арыз-шағым түсіп жатады. Міне, осыған орай ашық Алматы қоғамдық қабылдауы да өз жұмысын жүйелі түрде жүргізіп, жағдайды жақсарту үшін әрекет етеді. Мұның инстаграммнан бірден-бір ерекшелігі – бұл жерде сұрақтар, хат жолдау арқылы ғана емес, өздері келіп, көз жеткізіп, лезде барлық мәліметке қанығып, қажетті құжаттар тізімін алады.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Мен де қоғамдық қабылдау фронт-офисін көзбен көріп, жұмысымен танысу үшін барып қайттым. Мұнда отырған әкімдіктің өкілдерін көрдім. Тыңғылықты түсіндіріп жатқан қызметкерлерге қарап риза болдым. Өйткені халық үшін барлық жұмыс оңтайландырылып, алыстағыны жақындатып, жақындағыны жүйелендіре түсіру нағыз дамитын ел үшін айқын дәлел. Өз жұмысын бітіру үшін келген апайдың маманмен сөйлесіп жатқанын байқадым. Маған ол кісінің қандай қызмет түрін пайдаланғаны, нендей мәселемен келіп, түйінді шешкені қызық болды. Сол жайында білгім келді. Біле алдым да. Жергілікті тұрғын Зәуре Есілбаева ғаламторды аса қатты пайдалана алмайтынын айтып, осында келгенін жеткізді. «Мен мұнда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі бойынша толық ақпарат алуға келдім. Мамандар мені жылы жүзбен қарсы алып, МӘМС қалай жұмыс істейтінін, кім қатысушы бола алатынын, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі аясында қандай қызметтер ала алатыным жөнінде көптеген кеңестер ұсынды. Қандай құжаттар жинайтынымды жан-жақты түсіндіріп өтті. Жұмыс барысына толықтай қанағаттана алдым. Мұндай мол мүмкіндіктердің жасалып жатқанын көріп, іштей қуандым. Себебі ел дамуы үшін әрбір азамат өзінің құқығын, міндетін жақсы біліп, жасалған жағдайды жөніне жарата алуы тиіс деп санаймын» деп сөзін аяқтады.

Фронт-офис жетекшісі Н. Жайлаубайдың айтуынша, мұнда қоғамда туындаған түрлі сұрақтарды шешу үшін көптеген іс-шара, кездесу мен жәрмеңке ұйымдастырылып тұрады. «Соның бірегейі – мемлекеттік қызмет көрсету жәрмеңкесі. Жәрмеңке тұрғындарға кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Аталған шараға мемлекеттік жиырма үш ұйымның өкілдері қатысты. Кез келген мәселеге байланысты адамдар құжат жинау үшін қайда бару керек екенін білмей жатады. Бұл шарадағы басты мақсат – үйде отырып та, компьютер арқылы мемлекеттік қызметті қалай пайдалануды түсіндіру», – дейді. Елбасының арнайы тапсырмасымен Алматыға келген Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев алып шаһардың ең ірі жобаларымен танысып, мекемелерде болып қайтқаны есімізде. Соның бірі – осы Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесі. Үкімет басшысы орталықтың қаншалықты пайдалы жоба екеніне көз жеткізді.

Осыншама ақпарат жазған портал туралы нақтырақ білу үшін ең алдымен біз де осы сайтқа кіріп көрдік. Мұнда тіршіліктегі мәселені шешу қадамдық нұсқаулықтары қарапайым тілмен сипатталған. Әрі тым көп термин кездеспейді. Портал арқылы неғұрлым жиі қойылатын сұрақтарға барлық бағыттар бойынша жауап және қызмет көрсету бойынша іздестіру қарастырылған. Қандай құжат жинау қажеттігі жөнінде тізімдер де қаз-қатар орын алған. Тіпті нақты мекен-жайы мен қай кабинетке кіру қажеттігі жөнінде нөміріне дейін көрсетіліпті. Бұған еріксіз риза болдық. Тек қана бұған сауатыңыз жетіп, жасалған нұсқаулықтар бойынша жүріп отырсаңыз, болғаны. Өйткені дәлме-дәл барлығын қарапайым тілде жеткізуге тырысқан.

Басында айтып өткеніміздей, бүгінде осы Open Almaty қоғамдық қабылдауынан бөлек, қалада Visit Almaty туристік-ақпараттық орталығы ашылған. Қалаға келген әрбір шетелдік қонақ өзіне қажетті мәліметтерді алады және оларға түрлі кеңестер беріледі. Сондай-ақ жақында ғана тегін құқықтық қызмет көрсету орталығының ашылуы болып өтті. Мұнда мемлекеттік органдардың тиімділігін, ашықтығын және есеп беруін жақсартудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. «Бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс істейтін құқықтық қызмет көрсету орталығынан қала тұрғындары нақты іс бойынша өздеріне қажет барлық ақпараттарды біле алады. Жұмыс форматы халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысына ұқсас, келушілер алдымен ресепшиннен өтіп, кеңес алады. Содан соң өздерін толғандырған мәселе бойынша операторларға барады, олар келушілерді прокурорларға, адвокаттарға, медиаторларға және басқа да мамандарға жібереді. Заңгерлік қызмет тегін көрсетіледі. Орталық міндетіне құқық қорғау жүйесіне деген сенімділікті күшейту, бюрократтықты және әкімшілік кедергілерді жою, құқықтық қызметті қолжетімді ету, құқық қорғау органдарының жұмыс тиімділігін арттыру секілді қызмет түрлері кіреді.

Міне, осылайша мемлекет басшысының «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында көптеген мемлекеттік қызмет көрсету түрлері цифрлық форматқа көшірілуі үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Өйткені болашақта ұлттың табысты болуы табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелестік қабілеті, компьютерлік сауаттылығы, шет тілдерін білуі, мәдени ашықтық сияқты факторларымен өлшенетінін ашып айтқан болатын.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Қолдау

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет», – дегенді ерекше атап өтті. Бүгінгі таңда ел экономикасында үлес салмағы басым кәсіпкерлік саласы отандық өндірістің өрістеуіне кең жол ашып отыр. Мемлекеттік қолдаудың арқасында шағын және орта бизнестің буыны бекіп, болашаққа бағдар берген бағдарламалар кәсіпкерліктің арнасын кеңейте түсті. Белгілі бір кәсіппен айналысып, нәсібін сол істен тауып отырған кәсіпкерлер өзі еңбекке төселіп, өзгелердің де жұмыспен қамтылуына мүмкіндік туғызып отыр.

КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Статистикалық есепке жүгінсек, 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бір ғана Маңғыстау облысы бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2015 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 0,4%-ға өсіп, 46 610-ға жеткен.

Осы орайда облыстық сауда және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Венера Мұстапаева «Өткен жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 2015 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 2,6%-ға өсіп, 106 624 адамды құрады. 2016 жылдың екінші тоқсанында шағын және орта бизнес саласында халықтың экономикалық белсенді жұмыспен қамтылғандар үлесі 36,4% болды. Өткен жылы қаңтар-маусым айларында шағын және орта кәсіп иелері шығарған өнім көлемі 295,6 млрд теңгеге жетті. Сондай-ақ 2016 жылдың 1 шілдесіндегі көрсеткіш бойынша шығарылған өнімнің өнірлік үлесі 28,6%-ды құрады», – деді.

Аталған басқарма басшысының мәліметінше, өткен жылы шағын несиелендіру ұйымдары барлық меншік түрімен 1 252,7 млн теңге болатын 311 шағын несие беріліп, 563 жұмыс орны құрылған.

– «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде өнірлік үйлестіру кеңесінің отырысында 7,7 млрд теңгені құрайтын 179 жоба мақұлданды. Оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 11,8 млрд теңгенің 119 жобасы, несиелер бойынша ішінара кепілдік беруге мемлекеттік қолдау көлемі 155,3 млн теңгені құрайтын 53 жоба мақұлданды. Сонымен қатар өткен жылы өнір бойынша «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 3329 жұмыс орны сақталып, жаңа 465 жұмыс көзі ашылды. Өткен жылы Маңғыстау облысы әкімінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі сараптамалық кеңесінің 9 отырысы ұйымдастырылып, 73 нормативтік құқықтық актілердің жобалары талқыланды, – деді облыстық сауда және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Венера Тұранқызы.

Оның айтуынша, өңірде шағын және орта бизнестің белсенділігін арттыру мақсатында ауыл кәсіпкерлеріне несие беру үшін «Атамекен» шағын қаржы ұйымы» ЖШС құрылып, 486,8 млн теңге бөлініп, 150 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен облыс әкімдігінің пилоттық жобасы аясында «Маңғыстау» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» ЖШС жұмысын бастады. Бұл орталық кәсіпкерлерге кеңес беріп, инвесторларды тартуға қызметтенеді. Облыстың барлық қалалары мен аудандарында «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанынан 7 кәсіпкерлерді қолдау орталығы қызмет көрсетеді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» облыстық филиалының жанынан Ақтау және Жаңаөзен қаласында кәсіпкерлікті дамыту орталығы жұмыс істеп тұр. Өткен жылы Ақтау қаласындағы қызмет көрсету орталығында 3492 кәсіпкерге 5000 қызмет түрі көрсетілген.

«Менің тапсырмам бойынша биыл «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастайды. Ол аса маңызды міндетті орындауға – алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған»

(Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауынан)

БАСПАНАМЕН ҚАМТУДЫҢ БАСТЫ ЖОЛЫ

Жуырда Маңғыстау облысы әкімдігінде өткен жиында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында облыс орталығының іргесінде нақты құрылыс салу жоспары талқыланды. Аталған бағдарлама қабылданғалы бері бірнеше рет таразыланып, талдаудан өткен осы жоба нұсқасы жиынға қатысқан облыс әкімінің, оның орынбасарларының, облыстық басқарма мен қалалық бөлім басшыларының назарына ұсынылды.

Жиында жобаны егжей-тегжейлі түсіндірген «Градо» жобалау фирмасы» ЖШС бас сәулетшісі Бағдат Жақыпов Ақшұқыр ауылы мен шеп бекетінің аралығы, әуежайға баратын жолдың теңіз жақ беті, яғни Ақшұқыр мен Сайын Шапағатов ауылының арасындағы бос жатқан 3920 гектар жерге тұрғын үй және мектеп, балабақша, аурухана, емхана сынды әлеуметтік маңыздағы нысандар салынатынын жеткізді. Бұл жер 6 аумаққа бөлініп, 67700 халық қоныстанады. Мұнда жеке үйлермен қатар, көп қабатты үйлер бой көтереді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Сапар Аманбеков салынатын жаңа үйлер мен ғимараттар су, газ, тоқ көзімен қалай қамтылатынын түсіндірді. Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Нұрлыбай Аққұловтың айтуынша, облыс орталығында 2010 жылдың 1 тамызына дейінгі есеп бойынша тұрғын үй құрылысын салуға жер алуға 71000 адам кезекте тұр. 2000-2005 жылдары 1980 арыз, 2006-2010 жылдары 69378 арыз қанағаттандырылмаған. Түпқараған ауданының әкімі Темірбек Асауовтың хабарлауынша, Ақшұқыр мен Сайыннан тұрғын үй құрылысын салуға 11000-нан аса адам кезекке тіркелген.

Ал облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Найзабек Жайлау «Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен өткен жылдың соңында Үкімет «Нұрлы жер» бірыңғай тұрғын үй құрылысы бағдарламасын әзірледі. Ақтау қаласының бас жоспарында жеке тұрғын үй салуға жер жоқ болғандықтан, қаланың іргесіндегі жерді таңдап алдық. Мемлекет аталған бағдарлама бойынша тұрғын үйге арналған жерге үй салып беру жобасын жүзеге асырады. Жобаны құзырлы органдармен келісіп, инфрақұрылым құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттама жасақтауға кірісеміз. Республикалық бюджет қаражатына қажетті инфрақұрылымдар тартылғаннан кейін инвесторлар, әртүрлі деңгейдегі банктердің қаржыландыруымен үйлер салынып бастайды. Бұл құрылыс 2025 жылға дейін салынып бітеді», – деді.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Ералы Тоғжанов жобаның кейбір тұстарына қосымша бағыттар мен түзетулер енгізуді тапсырып, жаңа құрылыс жоспарының іске асырылуын қадағалауды Ақтау қалалық құрылыс бөліміне жүктеді.

Бетті дайындаған
Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ
Сурет: Талант ҚҰСАЙЫН,
Серік МАЙЕМЕРОВ

«Туризмді дамыту мақсатында сырттан келушілер және ішкі туризмді одан әрі дамытуға бағытталған туризм инфрақұрылымын құру жөніндегі шаралар іске асырылады»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасынан)

ТҮБЕК ТУРИЗМ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ

Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев ашық аспан астындағы мұражай деп баға берген түбектің табиғаты туризмді дамытуға сұранып-ақ тұр. Соңғы жылдары әлемнің дамыған елдерінде табыстың басым бөлігін құрайтын туризмді тұралатпай, әлеуетін арттыруға біздің өлкемізде де ден қойылды. Мәселен, саланы алға жылжыту мақсатында бірқатар жобаны жүзеге асыру қолға алынып, жаңа қызмет көрсету орталықтары ашылып, туристік әлеуеттің аясы кеңейе түсті. Осы бағытта Маңғыстау облысының орталығында халықаралық форум ұйымдастырылды. Жиынға облыстағы мемлекеттік мекемелердің басшылары, сарапшылар, туристік ұйымдар мен қауымдастықтар, туристік операторлар мен агенттіктердің басшылары және кәсіпкерлер қатысты.

Жиында облыстық туризм басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Сүйеуова қатысушыларды саланың жұмысынан қысқаша хабардар етті. Ол «Биыл төртінші жыл ұйымдастырылған форум қонақүй бизнесіне арналады. Жыл сайын талқылауға ұсынылатын тақырыптар туризмнің тармақтарын дамытуға бағытталады. Осы жылдың алғашқы 6 айында өңірімізге шет мемлекеттерден 14 мың, еліміздің түкпір-түкпірінен 72 мың турист келді. Олар тарихи-мәдени орындарды аралап, табиғатымызды тамашалады. Өңірімізге келген қонақтарға 82 қонақүй қызмет көрсетеді. Облыс әкімі Ералы Тоғжановтың тапсырмасымен барлық аудандарда Көгездегі этноауыл сынды ұлттық құндылықтарымыздан, салт-дәстүрімізден хабар беретін этноауылдарды салу жоспарланып отыр. Бейнеу-Ақтау бағытындағы республикалық маңыздағы жолдың салынуы аймағымызға келетін туристердің санын арттыруға жол ашты. Біздің басқармаға кәсіпкерлердің тарапынан көптеген жобалар келіп түсті. Бұл жобаларды мамандар қарап, талдап жатыр. Бүгінде Ащысор-Қарақия рекреациялық кешені мен Кендірлі ірі жобаларын жүзеге асырып, кеңейтуге басымдық беріп отырмыз. Ұсыныс-пікірлеріңізді, мәселелеріңізді ортаға салып, тәжірибелеріңізбен бөлісуге шақырамын», – деді.

Форумда «Номад» туристік ұйымдар қауымдастығының төрағасы Кох Виктор ойын-сауық, емдеу-сауықтыру жобасын салуды ұсынды. Түркия елінің туризмдегі тәжірибесін мысалға келтірген ол минералды суы бар жерлерде көп нөмірлі қонақүй кешенін салу, ішінде ойын-сауық үшін қажеттінің бәрін жасау керектігін айтты. Маңғыстау – туризмді дамыту Алланың берген сыйы екенін айтып, бұл саланы дамытуға мүмкіндік мол екенін жеткізді.

«Ренессанс Ақтау» қонақүйінің бас директоры Микасек Мислав «Біздің қонақүйіміз Ақтаудағы алғашқы 5 жұлдызды қонақүйлердің бірі. Біз оны салмас бұрын облыс орталығының болашағының жарқын боларына сендік. Нарықты зерттеп, Ақтаудың әлеуетін жан-жақты електен өткіздік. Әлемнің 110 елінде қонақүйімізді ашып, халыққа қызмет көрсетіп отырмыз. Кәсіпкерлерге және кәсібін енді бастайтын жандарға айтарым, мұндай жетістікке жету үшін алдымен, бренд қалыптастыру қажет. Содан кейін жетістігіміздің басты тетігі ретінде айта кетейін, қонақтарға сапалы қызмет көрсету, әртүрлі ұлттардың асханасын ұсыну, қызметкерлердің біліктілігін жетілдіруге аса мән беру керек. Сіздің қонақүйіңізге бір рет келген қонақ келесіде сізге тоқтауы үшін қолайлы жағдай жасап, сеніміне кіруіңіз тиіс. Студенттерге, жас мамандарға тәжірибеден, тағылымдаман өтуге шақырып, өзін жақсы қырынан көрсетсе, жұмысқа алуға тырысамыз», – деді.

Басқосуда «DPR» маркетинг агенттігінің жетекшісі Жанна Пташкевич кәсіпкерлерге сервис- жасау- қонақжайлылық- маркетинг желісі бойынша жұмыс жүргізу тәртібін түсіндіріп өтті. Туризм саласының кенже қалуын маркетингті жүйелі пайдаланбаумен, мамандардың тапшылығымен байланыстырды. Осы жылдың тамыз айында облыс тұрғындары мен қонақтарына теңізде серуендеу мүмкіндігін сыйлаған «Гуна Ақтау» ЖШС директоры Сергей Ворожейкин өз кәсібі туралы әңгімеледі.

– Ақтауда алғаш рет жүзеге асқан жобамызды бастамас бұрын халық арасында сауалнама жүргіздік. Қала шағын болғандықтан, келген қонақтарды бірнеше орынға апарумен ғана шектелеміз. Маған теңізді туризм мақсатында неге пайдаланбасқа деген ой келді. Сөйтіп, «Даму» қоры арқылы 2 деңгейлі банктен 80 млн теңге алып, 21 тамызда өз кәсібімізді бастадық. Бір сапарда катамаранға 40 адам сыяды. Серуендеу ұзақтығы 1 сағат болса, құны 500 және 1000 теңге тұрады. Түскі 12.00-ден бастап 22.00-ге дейін демалыссыз қызмет көрсетеміз. Сайт пен әлеуметтік желілерде парақшаларымызды аштық. Тұрғындар мен қонақтар алған әсері мен алғысын жиі білдіріп жатады. Біздің басты мәселеміз – кеме аялдайтын орын салу. Келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шағын айлақ салу қажет. Сондай-ақ теңіз жағасында Маңғыстаудың, Ақтаудың көрікті жерлері бедерленген базарлық, кәдесыйлар сатылғаны жөн. Ақтауда жылдың 4 мезгілінде де туристік орындар жұмыс жасап тұруы керек деп санаймын, – деді Сергей Ворожейкин.

Жиында «Қыпшақ жолы» жобасын таныстырған «Сақтау керек» қорының басшысы Павел Худяков қатысушылар назарына өңірдің туристік әлеуетін бейнелейтін бейнеүзік ұсынып, бірқатар мәселе көтерді.

Маңғыстау ауданындағы Көгез жерінде этноауыл салынып, туристердің жиі баратын орнына айналғанынан халық хабардар. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі шашу шашудан бастап, табиғат аясында атпен серуендеу, қолөнер мен киіз үй тігуден шеберлік сағаттарын өткізу, ашық аспан астында киіз үйлерде демалу қызметтерін ұсынып отырған «Турист» ЖШС директоры Евгения Слюсарева келешекте кәсібін кеңейткісі келетінін жеткізді. Таудың бөктерінде тұрған 10 киіз үйдің қасына келер жылы тағы осындай үй тігілетінін хабарлады. Мұнда 40 адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер бассейн, балалар ойын алаңын, футбол алаңын салуды жоспарлап отыр.

Форумда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы инвесторлармен жұмыс бөлімінің басшысы Алмат Ағаныс Қарақия ауданында кәсіпкер Балнұр Тәжібекова 2018-2022 жылдары құны 245 млнтеңге болатын этноауыл салатынын хабарлады. Ол өз сөзінде палата кәсіпкерлердің жобаларын әрқашан да қолдауға дайын екенін жеткізді. Жиын барысында қонақүйлер мен туристік операторлардың арасында серіктестік туралы меморандумға қол қойылды.

Форум аяқталған соң, Алматы қаласының «DPR» маркетингтік компаниясының мамандары қатысушыларға облыстың орналастыру орындарының қонақжайлық картасын әзірлеу, деректердің негізінде қонақүй шаруашылығы кәсіпорындарының маркетингі, қонақүйдің сервистік стратегиясын дұрыс жүргізу тақырыптарында шеберлік сыныбын өткізді. Біліктілігін кеңейткен қатысушыларға сертификат табысталды. Форум аясында қатысушылар қаладағы бірқатар қонақүйлерді аралап, қызмет көрсету деңгейімен танысты.

ЖҚ
E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Елімізде кәсіпкерлердің алғашқы қадамына қолдау көрсетілуде. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шынайы құралға айналды. Оның көмегімен өз бизнесіңді дамытумен қатар кәсіпкерліктегі алғашқы қадамыңды жасауға да болады. Бағдарлама ел аумағында кеңінен танымал болып отыр. Бағдарлама беретін жаңа мүмкіндіктер туралы естіп, жергілікті қаржы институттарына қайырылып жатқан адамдардың қатары күн санап көбейіп келеді. Ал олардың ісіне жергілікті атқарушы орган, облыстың кәсіпкерлік палатасы және басқа да құрылымдар «бағыт-бағдар» беріп отыр.

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАНДАР

Дәулет

МИЛЛИАРДТАР – НАҚТЫ ІСКЕ

Жамбыл облысында бизнестің күрт дамығаны туралы айтуға болады. Сандар мен деректер осыны көрсетеді. Мәселен, үстіміздегі жылдың қаңтар-шілдесі аралығында екінші деңгейлі банктер шағын бизнес субъектілеріне кредит ретінде 14,9 миллиард теңге берген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,8 есе көп. Күрделі құнсыздану кезеңін бастан өткерген сектор мемлекет жасап отырған жағдайлардың арқасында қайта өсім көрсете бастады. Ресми мәліметтер бойынша, аймақтағы жұмыс істейтін қатысушылардың саны 59,5 мыңға немесе 10,7 пайызға өскен! Бұл бизнесмендер қатарына жаңа жобалар арқылы табыс табумен қатар мемлекетіміздің гүлденуіне өз үлесін қосуға дайын жаңа кәсіпорындар мен адамдар қосылды деген сөз.

Нәтижесінде, бүгінгі таңда шамамен 122 мың адам шағын және орта бизнес саласында еңбек етіп жатыр. Олар барлық салықтық түсімдердің 35 пайызын қамтамасыз етуде. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында ШОБ қатысушылары өндірген өнім, атқарған жұмыс пен көрсеткен қызмет көлемі 55 миллиард теңгені құрады. Ол облыстың жалпы аймақтық өнімінің 20 пайызын құрайды.

Сарапшылар мұндай өсімге елімізде бүгінгі таңда бизнесті дамытуға әртүрлі құралдардың, соның ішінде қаржылық емес қолдау шараларының көптігі арқасында қол жеткізілгеніне сенімді.

КӨМЕККЕ – БИЗНЕС-КАРТА

Бұл орайда мемлекеттік бағдарламалар ерекше рөл атқарып отыр. «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері Жамбыл облысында 897 жобаны қолдауға барлық құралдар бойынша 90 миллиард теңге шамасында қаржы бағытталды. Бұл – еліміздегі үздік көрсеткіштердің бірі.

Жамбыл облысының кәсіпкерлік палатасы жұмыс істеп тұрған бизнеске сервистік қолдау көрсету сияқты құрал арқылы ғана бизнес-үдерістерді қолдау бойынша сегіз мамандандырылған қызмет түрін көрсетуде. Олар – бухгалтерлік және салықтық есептілікті жүргізу, кедендік процедуралар бойынша қызметтер, заңдық қызметтер көрсету, маркетинг мәселелері, ақпараттық технологиялар, мемлекеттік сатып алулармен байланысты қызметтер көрсету саласында кеңес беру және басқалар. Бұлардың қай-қайсысы да пәрменді, кәсіпкерлер арасында шынымен де сұранысқа ие құрал болып табылады.

Бизнеске сервистік қолдау Тараз қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында және аудандық деңгейдегі 11 қолдау орталығында көрсетіледі. Бұл қызметтердің тегін көрсетілетінін де атап айтқан жөн.

Жамбыл облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Мәріпбек Шәкербек «Аталған бағдарламаның кеңінен танымалдығын бизнесмендерге қызмет көрсетудің жылдық жоспары үстіміздегі жылдың 8 айының өзінде 172 пайызға орындалғанынан-ақ көруге болады. Егер өткен жылы осы кезеңде бизнестің 1740 қатысушысына 2429 қызмет көрсетілген болса, биыл 2300 қатысушыға үш мыңнан астам қызмет көрсетіліп отыр. Мәселен, 2016 жылдан бері 370 тұлғаға бизнесін ашуға, 400-ден астам кәсіпкерге рұқсат құжаттарын алуға, 104 қатысушыға 416 млн теңге қаржы алуға көмек көрсетілді», – дейді.

Оның айтуынша, бизнесмендер тарапынан «Моноқалаларда, шағын қалалар мен аудан орталықтарында ақпараттық қамтамасыз ету» бағыты да үлкен сұранысқа ие. Оның шеңберінде КҚО-да жеке тұлғалар мен ШОБ қатысушыларына кеңестер берілуде. Осы жылдың 8 айында 3046 адам қайырылып, оларға 16 мыңнан астам кеңес *(ал жылдық жоспар 9120 кеңесті құрайды)* берілген. Ілеспе қолдау сатысында 323 жоба тұр, оның ішінде 109 жоба бойынша қаржыландыруға қатысты 1082,1 млн теңгеге он шешімге қол жеткізілсе, 48 кәсіпкерге бизнесті жүргізу үшін рұқсат құжаттар алу бойынша көмек көрсетілген.

М. Шәкербек «Байзақ ауданындағы «Rola-Ян» БК ЖШС-ы ҚҚО қолдауымен 285 миллион теңге көлемінде займ алды. Сондай-ақ, Рысқұлов ауданындағы «Бай-Алғабас» ӘКК *(113,7 млн теңге)*, Талас ауданындағы «Вкусная корзинка» ЖШС *(70 млн теңге)*, Шу ауданындағы «Шу гуманитарлық колледжі» *(32 млн теңге)* т.б., кредит алуға қол жеткізді. Бүгінгі таңда бұл қатысушылардың барлығы жұмыс істеп жатыр және жергілікті нарықта белсенділік танытып келеді», – дейді.

Қатысушы Қазақстаннан тәжірибеден өтетін елге бару және онда тұру шығындарын өзі көтермейді.

Осылайша кәсіпкер аздаған шығын шығарып дамыған шетелдік өндіріс орындарында болу, көрген, жинақтаған тәжірибесін кейін өз өндіріс орнында қолдану мүмкіндігіне ие болады. 2016 жылы аймақ кәсіпкерлерінен осындай оқуға 21 өтініш түсті, алты қатысушы бірінші кезеңді табысты аяқтап, сертификаттар алды. Ал, 2017 жылы 57 адам қатысуға өтініш берді.

Өз ісін бастаған бизнесмендердің әлеуетін ашуға бағытталған осы сияқты басқа да бағдарламалар бар. Атап айтқанда, «Аға сеньорлар» құрамдасы кәсіпкерлік әлеуетін халықаралық және шетелдік ұйымдармен әріптестікте арттыруға бағытталған.

Үстіміздегі жылы аймақ кәсіпкерлерінен әртүрлі бағыттар бойынша шетелдік сарапшыларды тарту жөнінде бес өтініш түсті. Нәтижесінде шілде айында Шу қаласына Германиядан туризм мен қонақүй қызметі саласындағы сарапшы, бизнесмен Кай-Уве Дёхлер шақыртылды. Ол «Іске сәт» және «Манасыпов» ЖК-нің кәсіпорындарында болып, кеңес берді. Кәсіпкерлерді шетелдік клиенттердің қатарын көбейту үшін клиенттерге қызмет көрсетуді жаңаша жүргізуге үйретті. Онымен араласып, кеңесін тыңдағандар өз бизнестеріне мүлде жаңаша қарай бастағандарын айтады. Қазір олар сарапшының кеңестері мен ұсыныстарын енгізуде.

Өңірлік палата басшысы «Бұдан түпкі есепте тұтас бизнесіміз де, тұтынушылар да ұтады – өйткені, кәсіпкерлеріміз осылайша әлемдік стандарттар мен тенденцияларға сай болу үшін өз сервистерін жақсартуға ұмтылады емес пе?!» – дейді.

БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ – КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІНЕН

«Бизнес-мектеп» құрамдасы шеңберінде сегіз айдың қорытындысы бойынша 90 адам оқу бітіргеннен кейін қаржы институттарынан жалпы сомасы 427 889 000 теңге қаражат алып, 17 адам ауыл шаруашылығы, сауда, жүк тасымалы, қызмет көрсету, өндіріс, т.б., салаларда жаңа бизнес ашты, 25 адам ағымдағы бизнестерін кеңейтті *(жұмыс орындарын ашты, клиенттік базаларын ұлғайтты)*.

Бағдарламаның басқа құралдарына да тоқталайық. «Іскерлік байланыстар» жобасына шетелдік әріптестерімен іскерлік байланыс орнатуға мүдделі компаниялардың жоғары және орта буындағы басшылары қатыса алады. Оқу үш апта жүргізіледі, оның екі аптасы – күндізгі, бір аптасы сырттай *(online-семинарлар мен кеңестер)* оқу. Семинарлар тегін жүргізіледі, қатысушылар тренингтер өткізілетін жерге дейін жеткізетін көлік шығыны мен жатын орынды ғана төлейді. Одан кейін олар курстарды табысты бітіргендері туралы сертификат алады және одан әрі Германияға бару үшін бағдарламаның екінші кезеңіне іріктеу байқауларына қатыса алады.

ЖҰМЫССЫЗДАН – КӘСІПКЕРГЕ ДЕЙІН

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бастау бизнес» жобасын мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырып келеді. Оның шеңберінде ауылдың жұмыссыз отырған немесе өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған, ниет білдірген азаматтары кәсіпкерлік негіздеріне оқытылады. Ол үшін тесттен өту керек. Топтарға іріктеу соның қорытындысы бойынша жүргізіледі. «Бастау бизнес» шеңберінде оқығандарға стипендия төленеді, бітірген соң сертификат беріледі.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне жеңілдікті кредит беру инвестициялық мақсаттарды қаржыландыруға әрі өңдеуші өнеркәсіптегі және өңдеуші өнеркәсіпке қызмет көрсетуге жататын көрсетілетін қызметтер саласындағы жобаларды іске асыру шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға бағытталатын болады.

Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті кредит беру өңдеуші өнеркәсіптегі жобаларды іске асыру шеңберінде инвестициялық мақсаттарды қаржыландыруға бағытталатын болады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және «Қазақстанның даму банкі» АҚ шағын және орта бизнес пен ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қаржыландыруды ұсыну жөніндегі операторлар болады. Шағын және орта бизнес пен ірі кәсіпкерлік субъектілеріне тікелей кредит беруді екінші деңгейдегі банктер жүзеге асыратын болады.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

2017 жылы Жамбыл облысында 1125 адамды оқыту жоспарланып отыр. Бұл пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін Байзақ, Жуалы, Рысқұлов, Меркі, Қордай және Шу аудандары таңдалған. Олардың бәрі Астанада оқып келген, тиісті сертификаттары бар бизнес-жаттықтырушылармен, сондай-ақ аудандық үйлестірушілермен, оқу аудиторияларымен, ғаламторға қосылған қажетті ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз етілген.

Қазіргі кезде ниет білдіргендердің төрт толқынын оқыту аяқталған, оқып шыққандардың жалпы саны 780 адамды құрап отыр. Олардың шамамен 90 жобасы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры», кредиттік серіктестіктер мен «Атамекен-Тараз» микроқаржылық ұйымы тарапынан жалпы көлемі 225 миллион теңгеден астам сомаға қаржыландырылып та қойды. Қалған жобалар Кәсіпкерлік палатасының толықтай ілеспе қолдауында тұр.

Бөлінген қаражат мал өсіру мен бордақылауға бағытталып отыр. Бұлардың бәрі жаңа басталған жобалар. Мәселен, «Қанағат» ЖК «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы мүйізді ірі қараны бордақылауға 6 миллион теңге алса, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер Асқат Әлкереев - қой өсіруге, Жұлдыз Мұхамодиева жылқы өсіріп, қымыз өндіруге осыншама сомадан қаражат алған.

Бұл пилоттық жобаның Қазақстан бойынша 80 ауданда жүргізіліп, барлығы 15 мың адамның оқып жатқанын айта кету керек. «Бастау бизнес» арқылы 3 мыңдай жоба қаржыландырылуы тиіс. Бүгінгі таңда бағдарлама өз жемісін беруде, жақсы нәтижелері мен ауыл тұрғындарының оң пікірлері бар.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының өз мақсаттары мен қаражаттарын ақтап жатқаны даусыз. Бұл бағдарламаның жемісін қазақстандықтар келешекте, өз ісін бастап жатқан бүгінгі мыңдаған кәсіпкер жұмысын жолға қойып, жүздегені гүлденгенде сезінетін болады. Ал ол жаңа жұмыс орындарының ашылуына, салық түсімдерінің артуына, тұрғындардың экономикалық белсенділігіне, түптеп келгенде, еліміздің әл-ауқатының өсуіне алып келеді.

Шухрат ХАШИМОВ,
Жамбыл облысы

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуын төмендету бойынша проблемаларды шешу, сондай-ақ жылу шығаратын қуаттарды жөндеу және ауыстыру үшін тұрғын үй-коммуналдық секторды жаңғырту бойынша шаралар кешені қабылданады.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҚСАРДЫ

Жуырда өткен қоғамдық кеңестің кезекті отырысында Маңғыстау облысында инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту мәселесі талқыланды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Сүйіндік Алдашев аймақта инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында жасалып жатқан жұмыстардан хабардар етті.

Оның айтуынша, «Өңірлерді дамыту – 2020», инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламалары аясында тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жағдайын жақсарту мақсатында қалалар мен аудандарда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылған. Бүгінде іске асып жатқан «Өңірлерді дамыту –2020» бағдарламасына сәйкес 2020 жылға дейін қалалардағы орталықтандырылған сумен қамту жүйесін 97 пайызға, ауылдарда пайызға жеткізу жоспарланды. «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасына сай 2011-2016 жылдарда 66 жоба енгізілген. Бүгінгі таңда 59 жоба пайдалануға берілді. Нәтижесінде облыс бойынша 473 340 тұрғын немесе 75% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Облыстағы 3 қала 100%, 61 ауылдың 35-і немесе 57,38% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Бағдарлама аясында 2011-2016 жылдары – 1372, 174 шақырым су құбыры тартылып, 129,78 шақырым су құбыры жаңғыртылған. Өткен жылы құны 5,7 млрд теңгені құрайтын 7 жобаны жүзеге асыру үшін үкіметтің арнайы қорынан 2,6 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 391,9 млн теңге қаражат бөлінді. Оның ішінде 2 жоба жүзеге асқан.

Осы жылы құны 6,1 млрд теңге, ұзындығы 253,42 шақырымды құрайтын 6 жобаның құрылысына республикалық бюджеттен 1,7 млрд теңге қаражат бөлінді. Бүгінде Басқұдық ауылы, Маңғыстау – 4, Жармыш, Бостан, Боранқұл, Сарға ауылдарын сумен қамтамасыз ету бағытында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде осы жылы орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік көрсеткішін ауылдарда 64%-ға жеткізу жоспарланған.

С.Алдашев ««Нұрлы жол» бағдарламасының аясында Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласында 61,8 шақырым ауыз су құбырын салу жұмыстарына 1,4 млрд теңге қаражат бөлінді. Құрылыс жұмыстары келесі жылдың 1 жартыжылдығында аяқталатын болады. Бұл жоба жүзеге асырылғаннан кейін Форт-Шевченко қаласы 100% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етіледі. 2018-2020 жылдарға республикалық бюджет қаражаты есебінен

қаржыландыруға құны 5,3 млрд теңге құрайтын алты жаңа жоба ұсынылды, – деді.

Жиында келтірілген деректерге сүйенсек, Ақтау қаласын 100% кәріз желісімен қамтамасыз ету мақсатында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 2015-2017 жылдары құны 1 млрд теңгеге жаңа шағын аудандардың кәріз тарату тораптарының құрылысы жүргізіліп, ұзындығы 23,8 шақырымды құрайтын кәріз желісі пайдалануға берілген. 2017-2018 жылдары Ұлттық қор қаражаты есебінен жалпы құны 1,4 млрд теңге Жаңаөзен қаласының қолданыстағы су, кәріз желілерін кеңейту және қайта жаңарту жобасын қаржыландыруға ұсыныс берілген. Сонымен қатар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі бойынша Қарақия ауданының Құрық селосында құны 703 млн теңге, қуаттылығы тәулігіне 1200 текше метр кәріз-тазарту қондырғысының құрылысын салу тұжырымдамасы жасақталды.

2017-2020 жылдары Маңғыстау ауданының Шетпе ауылында құны 2,7 млрд теңгені құрайтын қуаттылығы тәулігіне 1650 текше метр кәріз-тазарту қондырғысының және кәріз желілерінің құрылысын, Қарақия ауданының Жетібай селосында құны 258,4 млн теңге болатын қуаттылығы тәулігіне 100 текше метр модульдік кәріз тазарту қондырғысын, Құрық селосының кәріз желілерінің құрылысын салуға 321,4 млн теңге бөлуге республикалық бюджетке өтінім берілді. Сонымен қатар 2015-2016 жылдары Ақтау қаласын электрмен қамту жүйесін дамытуға жергілікті бюджет есебінен 1,9 млрд теңге бөлініп, қаладағы 20 трансформатор қосалқы стансасы қайта жаңартылды. Одан бөлек, төменгі шағынаудандардағы энергия тапшылығын жою мақсатында құны 1,6 млрд теңге болатын «Хазар» бастапқы төмендеткіш қосалқы стансасының құрылыс жұмыстары басталды.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ,
Ақтау қаласы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Батыр рухына тағзым

Биылғы жылдың ең үлкен жаңалығының бірі – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Осы жоба аясында жер-жерде әртүрлі басқосу, тарихи-танымдық бастамалар қолға алынуда. Рухани жаңғырудың бір аты – өшкен тарихтың қайта жазылып, халық жадының қайта жаңғыруы. Әсіресе, қазақтың ерте ғасыр мен орта ғасырлардағы, Қазақ хандығы тұсындағы тәуелсіздік үшін, ел мен жер үшін күресін, ұлы көтерілістерін, қазақтың хандары мен батырларын нәсихаттау, ұрпаққа таныту, шынымен, халықты рухани тұрғыда оятады, жадын жаңғыртады.

Тарихи жадымыз қайта жаңғырып, ұрпақ алдындағы борышымыз орындалсын десек, бабалар аманатына құрметпен карап, оларды ұлықтау ісінде өзгелерден озық болуымыз керек. «Сындарлы заман тұлғасы: қазақтың бас сардары Бөкенбай батыр Қарабатырұлының өмірі мен ерлік жолдары» атты аймақтық ғылыми-теориялық конференцияға жиналған ағайынның басты мұраты осы болды. Ақтөбе қаласындағы тарихи-танымдық шара – рухани жаңғыру бағдарламасының аясында ұйымдастырылды.

Айтулы жиынға Ақтөбеден бөлек, еліміздің Алматы, Астана, Маңғыстау, Атырау, Орал, Шымкент, Қарағанды және Ресей астанасы – Мәскеу мен Орынбор қалаларынан делегаттар қатысты. Қонақтардың саны 500-ден асып жығылды.

Бұдан соң Қазақстан Ғылым Академиясының жетекші ғылыми қызметкері, қазақ хандарының өмірбаянын зерттеуші Ирина Ерофеева сахна төріне көтеріліп, жаңадан жарық көрген Бөкенбай Қарабатырұлының өмірі мен ерлігіне арналған «Рыцарь – звания чести» атты кітабының тұсауын кесті. Орыс тілінде басылған кітап әзірге 500 данамен жарық көрді. Алдағы уақытта қазақ және ағылшын тілдеріне аударып шығару жоспарланған.

Тарихшы-ғалымның айтуынша, батырдың өмірбаянын зерттеу барысында ол біраз қиындыққа тап болған. Ертедегі жазбаша мәліметтер жоқтың қасы. Десе де қолда бар нақты деректерге сүйене отырып, осы кітапты жазып шығару үшін біраз тер төккен.

Бұл ретте, 1710 жылы Дүрбін-Ойрат тарапынан қатер төнгенін байқаған Тәуке хан Арал теңізінің солтүстігінде өткен Қарақұмда бүкіл Қазақ Ордасының құрылтайын шақырғаны тарихтан белгілі. Сол құрылтайда қалмақ басқыншыларына қарсы күрес жүргізу үшін біріккен қазақ әскерінің Бас қолбасшысы болып Бөкенбай Қарабатырұлы сайланады. Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет ұлыс тағдыры хан мен сұлтанға емес, қара қылыш батырға сеніп тапсырылған еді. Сол қанды қырғында Бөкенбай бастаған қазақ әскері жеңіске жетеді. Мұның өзі қазақ даласындағы ашықтық, демократия үлгісі еді...

Смағұл Елубай «Ең бастысы біз мынаны есте сақтауымыз керек. Әбілқайыр хан қазақ халқының жойылып кетуі мүмкін екендігін сезінген соң, қолында қаруы бар құдіретті мемлекетпен дос болуға мәжбүр болды. Яғни, қазақ жер басып жүру үшін, ресейге қосылуға қол қойды. Бұл Әбілқайыр ханның трагедиясы еді, амалының жоқтығынан осындай қадамға барды. Соның арқасында қазақ деген халық аман қалды. Әрине, Әбілқайыр ханның алдында таңдау тұрды. Ол басқа мемлекетті өзіне аға етуі мүмкін еді, мысалы Қытай елін. Алайда Әбілқайыр хан болса өркениеттің Еуропада басталғанын көріп тұрып, сонда бет бұрды, яғни білім, ғылым, қолында қаруы бар елмен бірге өмір сүру жолын таңдады. Бұл ретте Әбілқайыр хан Бөкенбай Қарабатырұлына арқа сүйеді және ол қателескен жоқ, бұл туралы заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың өзі жазып кеткен еді», – деді өз сөзінде.

Оның айтуынша, Ақтабан шұбырындыда қазақ әскерінің жеңілу себебінің бірі – отты қарудың жоқтығы болды. «Екінші себебі де жоқ емес. 1718 жылы Тәуке хан өмірден озған соң, бір орталыққа бағынатын мемлекет әлсіреді. Қазақтың бірлігі мен тірлігі кетті, әскері әлсіреді. Мұны естіген біздің ата жауымыз, алты жерден ауыз салды. Шығыстан жоңғар қалмақтары, Солтүстік батыстан башқұрт әскері, Волга қалмақтары және Жайық казактары да шабуыл жасады. Осы үш халық орыстың қаруымен мықтап қаруланып барып, қазақты қыруға бел буды. Бұған қоса, оңтүстікте түркмендер жасаған шабуыл мен хиуа хандығын да айтуға болады. Осылайша бірлік жоғалып, қаншама арысымыздан айырылдық. Сондықтан да, кез келген жағдайда жауға тойтарыс беру үшін, алдымен бірлік қажет. Бірлік бар жерде тірлік бар екенін ұмытпауымыз керек.

Конференцияда ақтөбелік сазгер Орал Байсеңгір ақын Жақсылық Айжанның сөзіне жазылған «Әбілқайыр, Бөкенбай» әнін орындаса, маңғыстаулық Жақсыбек Елубайұлы «Бөкенбай батыр» атты толғауын жырлады.

Шара аяқталған соң, жиналған қауым Бөкенбай батыр көшесіндегі батыр ескерткіші орнатылатын жерде салтанатты митинг өткізді. Ақтөбе облысы мәслихатының хатшысы Сәния Қалдығұлова, жазушы-драматург Смағұл Елубай, Ақтөбе облысының құрметті азаматы Сапар Сағынтаев, Батыс-Қазақстан облысының құрметті азаматы Тілекқабыл Имашев, ALASH Рагізі қоғамдық қорының директоры Серік Әбілжанов тілек білдіріп, конференция делегаттары атынан болашақ ұрпаққа ескерткіш үндеу-капсуласын салды.

Осылайша, қазақ тілі тағы бір ұлы істің ұйытқысы болып, тарих алдындағы аманатымызға адалдығын білдірді. Батыр бабамыз аңсаған бірлік-ынтымақ миссиясының өмірлік мәнін осындай іргелі шаралардан көруге болады. Батыр рухына тағзым етіп, олардың Ұлы істерін санамызда жаңғыртып, тарихи айналымға енгізсек, ұрпақ алдындағы асыл борышымыз орындалды дей беріңіз.

Сөз орайы келгенде айта кетсек, Бөкенбай батырға ескерткіш орнату жөнінде бұған дейін де бірнеше мәрте мәселе көтеріліп, тіпті өтініш те берілген болатын. Алайда түрлі себептермен үнемі кейінге шегеріліп келді. Тек, қазіргі облыс басшысы Бердібек Сапарбаевтың тікелей араласуымен ғана халықтың бұл жолғы өтініші ескерілді. Осылайша, елдің жанашыр азаматтарының арқасында биіктігі 14 метрден тұратын қазақтың даңқты батырының ескерткіші бой көтеретін күн алыс емес, ең бастысы, тасы қаланды. Үлкен іске ұйтқы болған Бердібек Мәшбекұлына қолдау көрсетіп, азаматтық танытқаны үшін ақтөбеліктердің айтар алғысы шексіз. Ел тілегі қабыл болсын, Алаш жұрты!

Нұрбол ОҚУОВ,
Маңғыстау облысы

Конференцияда Қазақстан мен Ресейдің ғалымдары және зерттеушілері бас қосып, сөз сөйледі. Олардың қатарында белгілі жазушы, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Смағұл Елубай, М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университетінің проректоры Сергей Горшенин, Қазақ-Америка университетінің профессоры Самат Өтениязов, Білім және ғылым министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Нұржан Жетпісбай, «Орал өңірі» газетінің меңгерушісі Нұртас Сафиулин, филология ғылымдарының докторы Алпысбай Мұсаев, өлкетанушы, Бөкенбай батырдың өмірі мен ерлігін зерттеуші Жақсат Қарлығашев, танымал жазушы-тарихшы, Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университетінің профессоры Ирина Ерофеева, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылым және инновация жөніндегі проректоры Рахим Бекназаров және т.б болды.

Ғылыми конференцияны Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев алғы сөзімен ашты. Ол «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Еліміздің өткен тарихына жаңаша көзқараспен қарап, қайта бағамдау қажеттілігіне тоқталған еді. Бүгінде бұл бағдарлама аясында қазақ руханияты мен мәдениеті одан әрі қарыштап дамуына үлес қосатын тың жобалар, ірі әртүрлі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Сондықтан сан ғасырлы тарихы тамырымыз мирас болып келе жатқан біздің ұлттық салт-дәстүріміз, әдеп-ғұрпымыз кеңінен әрі қарай зерттеле бермек. Бүгінгі іс-шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізіліп отыр. Қазақтың даңқты батырларының бірі – Бөкенбай Қарабатырұлының ерлік істері туралы Әбіш Кекілбаевтың шығармалары арқылы білуге болады. Бөкенбай батырды зерттеп жүрген мамандардың басын қоса отырып, толыққанды зерттеулер осы жиыннан бастау алады деген үмітіміз бар екендігін жеткізгіміз келеді», – деді.

Ирина Ерофеева «Аты аңызға айналған Әбілқайыр ханның сенімді серігі және қолбасшысы болған Бөкенбай батырдың есімі Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды. Қазақ жеріне қаншама қасірет әкелген, күллі ұлтты жоя жаздаған жоңғар шапқыншылығы жылдарында батыр Бөкенбай қазақты бірігуге шақырды және оның бұл шақыруы күллі үш жүзді қамтыды. Осылайша, тарихи сәтті орайлы пайдаланып, ел тыныштығының алтын қалқаны болды», – деді.

Мұнан соң сахна төріне танымал жазушы Смағұл Елубай шығып, тарихи деректерге әдеби-шығармашылық тұрғысынан сипаттама беріп, нақты деректер келтірді. Оның айтуынша, тарихта азаттық үшін күрес жолында жанын құрбан еткен Бөкенбай Қарабатырұлы – 1726-1729 жылдардағы Бұланты, Бөленті, Аңырақай, Қалмаққырылған сияқты әйгілі соғыстарда жоңғарларға қарсы қол бастаған даңқты қолбасшы, тарихи тұлға, айбынды саясаткер ретінде халықтың есінде мәңгі сақталып қалды.

Әсіресе, XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының басына төнген қауіпті айтпай кетуге болмайды. Ержүрек батырлар мен хандар дұрыс шешім қабылдамаған жағдайда, халықтың жойылып кетуі бек мүмкін еді. 1640 жылы құрылған жоңғар хандығы алдына шыңғыс империясын жаңғырту туралы ант қабылданып, әскери дайындыққа кіріскен соң қазақтың дұшпаны бірден шабуылға көшеді.

Әліпби

Латын әліпбиі: Жүйелі жұмыс қажет

«Латын әліпбиіне көшуді тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең негізгі рухани гуманитарлық ірі жоба ретінде қабылдауымыз керек. Жаңа әліпбиге көшудің қажет екенін бүгінде халық түсінді. Енді осы латын графикасының әдіс-тәсілдері талқыланып жатыр. Барлығымыз бұл мәселеде ортақ пікірге келеміз деп үміттенемін» Бұл туралы саясаттанушы Ерлан Саиров қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге қатысты Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында мәлімдеді.

Oqy'g'a s'aqyry'

Balalar!
Oqy'g'a bar!
Jatpa qarap!
Jy'ynyp, ki'inin'der s'aps'an'yraq!
S'aqyrdy tay'yq mana a'ldeqas'an,
Qarap tur terezeden ku'n jyltyrap.
Adam da, us'qan qus ta, ju'rgen an' da,
Jumyssyz tek turg'an joq es'bir jan da:
Kis'kene qon'yz da ju'r ju'gin su'i'rep,
Barady aralar da us'yp balg'a.
Ku'n as'yq, tog'ai'lar s'at, yn'-jyn' orman,
Oi'anyp jan-maqulyq tu'nde qong'an,
S'yg'ady toqyldaqtyn' toq-toq day'sy,
Sai'rag'y sarg'aldaqtyn' syn'g'yrlag'an.
O'zende balyqs'ylar ay' qarap ju'r,
Tog'ai'da oraq day'sy s'an'-s'un' org'an.
Allalap, al kitapty qoldaryn'a!
Quldaryn Qudai' su'i'mes jalqay' bolg'an.

Ahmet Bai'tursynuly

Жиынға «Тұран» университетінің ректоры, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанов, саясаткер Ерлан Сайыров, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, саясаткер Талғат Қалиев, «ҚазАқпарат» халықаралық ақпараттық агенттігінің бас директоры Асқар Омаров, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов, Халықаралық ақпараттық технологиялық университетінің ректоры, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Дәмір Шыныбеков, «Жастар үні» ЖҚҚ төрағасы, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Дәурен Бабамұратов, саясаттанушы, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Айдос Сарым қатысты. Олар отырыс барысында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесіне қатысты өзіндік пікірін білдіріп, баяндама жасады.

Жиын барысында сөз алған саясаттанушы Ерлан Сайыров мәселенің мән-жайын толық түсіндіріп өтуге тырысты. Ол «Елбасы Н.Назарбаевтың барша жиналған жұрттың ой-пікірі мен ұсыныс тілегіне құлақ аса отырып, еліміздің кемел келешегі үшін жасаған шешімі бәрімізді күдігімізді сейілтіп, үмітімізді арттырды. Бұған дейін біздің қоғамда жаңа әліпбиі көп талқыға түссе, ендігі жерде латын әліпбиін енгізудің тиімді жолдары әңгіме өзегіне айналмақ. Яғни пікірталастың өзі интеллектуалдық деңгейге көтеріледі деген сенімдемін. Ол үшін, әрине, еліміздің көшін бастаған ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлері бұл тұрғыда белсенділік танытады деген ойдамын» – деді. Сондай-ақ мемлекеттік комиссия құрылып. Қазіргі қоғамда айтылып жатқан пікірлер жинақталып, бір ортақ қорытынды келісімге келіп, ұсыныстың барлығы сарапталатынын айтты.

Сонымен қатар жиын аясында өз ойымен бөліскен «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігінің бас директоры Асқар Омаров өзі басшылық ететін агенттіктің латын әліпбиіне көшуді бастап кеткендігін мысалға келтірді. Ол «24 жыл бұрын осы «Тұран» университетінде оқыдым. Студенттік жылдары газет шығарған болатынбыз. Алғашқы нөмірінде бір мақаланың тақырыбын латын әріпінде жазып бергенбіз. Сол есімде қалыпты. Міне, осылайша көп жылдардан соң қайта оралып отырғанымызға қуаныштымын. Бүгінгі таңдағы латын әрпіне көшкеніміз – жарқын болашақтың бастауы деп білемін. Жарлық шықты. Енді алдымызда үлкен жүйелі жұмыс тұр» – дейді.

Қазіргі таңда «ҚазАқпарат» агенттігінің латын әліпбиін қоғамда насихаттау үшін жаңа айдар ашып, бұл бағытта жедел түрде жұмыс жүргізуі – жаңа әліпбиге үйренісуге зор мүмкіндік болмақ. Келешекте осы жолды жалғайтын бұқаралық ақпарат құралдарының саны күн санап арта түсетіні сөзсіз. Бұл өз кезегінде жаңа әліпбиді тұтастай қоғамның дұрыс қабылдауына септігін тигізбек.

Ал Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Дәурен Бабамұратов ең бастысы, шешім қабылданғандығын айтып, жұмысты жүйелі жүргізу үшін тиімді және әлсіз тұстарының барлығын ескеру қажеттігін айтты. Ол «Латын әліпбиіне қатысты қазіргі таңда көптеген жиындар өткізілген болатын. Оның басы-қасында, әрине, өзімізде жүріп, қолдау білдірдік. Жарлық шыққан кезде оны артқа тарту туды жыққанмен бірдей болмақ. Латын әліпбиінің нұсқаларына қатысты алып-қашпа әңгімелер көбейіп, ел арасында дау туындай бастағанда бұл мәселе тағы да кейінге шегеріледі ме деген күдік туындаған болатын. Алайда қуанышымызға орай дер кезінде шешім қабылданды. Ал біз үшін ең бастысы, осы шешімнің қабылданғаны болатын. Латын әліпбиінің нұсқасына келер болсақ, ол әлі де талқылану керек. Жан-жақты талқыға салып, ең дұрыс, ең тиімді, ең ұтымды нұсқаға тоқталуымыз қажет. 2025 жылға дейін өзгерістер енуі мүмкін, ең бастысы, біз латын графикасына көшеміз», – деп өз сөзін түйіндеді.

Сондай-ақ саясаттанушы Айдос Сарым қазақ емлесін, орфографиясын қазақ ғалымдарынан артық ешкім жасай алмайтынын айтып, қазақ филологтарының басын қосып, пікірін ескеру керектігі жайында ұсыныс білдірді. «Алдындары да айтқанбыз, бұл мәселеге жалпы ғалымдарымыз дайын сияқты. Үлкен-кішіге жазғызып, сызғызып, заманауи технология: ұялы телефон, компьютерде теріп көріп, қай әріпті жазғанда қандай қиындықтар туындайды, жазылуы қалай болады соны зерттеу қажет. Екінші жағы бар, ол әліпбиді компьютерге негіздеу мәселесі. Оны басты назарға алып та қарау керек. Осы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен заңның қабылдануын бір уақытта жасап шығуға болады. Сол лингвистикалық ғылыми эксперимент болашақ заңның қабылдануына негіз болса дейміз» – деді.

Бұған қоса, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Халықаралық қазақ тілі қоғамының президенті, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Өмірзақ Айтбайұлы да қоғамда үлкен талқыға түсіп жатқан қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесіне қатысты өзінің пікірін айтып өтті. «Барлық жерде латын әліпбиіне көшуге қатысты Елбасының Жарлығы талқыланып жатыр. Бұл – біз көптен күткен шара болатын. Жұрт мұны саяси шешім деп атап жатыр, ал мен бұл істі тарихи шешім деп атаймын. Тарихи шешім болатын себебі, біздің тәуелсіз ел болғаннан бұрын, халықаралық қазақ тілі қоғамы ең алдымен тілдің тәуелсіздігі үшін күресті. Тіл тәуелсіздігі арқылы қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдырды. Ал содан кейінгі ірі оқиға – елдің тәуелсіздік алуы болса, одан кейінгі тағы бір ірі оқиға еліміздің астанасын өзгертуі болды. Сол оқиғалардан кейінгі тағы бір ең ірі тарихи оқиға – осы латын әліпбиіне көшу болмақ. Біз осы уақытқа дейін өзіміздің ұлттық жазуымызды қалыптастыра алмай келе жатқан ел болатынбыз. Ұлттық жазудың негізін, бәріміз білетіндей, Ахмет Байтұрсынұлы қалағаны да бәрімізге белгілі. Алайда біз оны әрі қарай дамыта алмай қалдық. Міне, енді қазіргі таңда сол ұлттық жазуымызды қалыптастырудың үлкен мүмкіндігі пайда болып отыр», – дейді Ө.Айтбайұлы.

Жиын барысында байқағанымыздай, барлығы да бұл шешім қабылданып, Жарлыққа қол қойылғанымен әлі де талай талқыға түсіп, өзгертулер енгізілетінін баса айтты. Себебі ол өзгертуде тұрған ештеңе жоқ екенін, ең бастысы, халық қабылдай алатындай, түсінікті әрі жеңіл жаза алатын жағдай жасау басты міндет екенін жеткізіп, іс-шараны аяқтады.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Өңір тынысы

ЭКОНОМИКАСЫ ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІР

Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Алматы облысының әкімі Амандық Баталовпен баспасөз мәслихаты өтті. Жиында өңір басшысы биылғы қаңтар-қыркүйек айлары аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы туралы баяндады. Өңір басшысы өз баяндамасында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы және «ЭКСПО–2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің қорытындысында қолға алынған жобалар туралы кеңінен әңгімеледі. Брифинг барысында журналистер жалпы саны 20-ға жуық сауал қойды. Сұрақтар негізінен туризмді, оның ішінде Алакөл жағалауын дамыту, ет экспортын арттыру, қант пен көкөніс бағасын тұрақтандыру шаралары, газдандыру барысында әлеуметтік әлжуаз топтарға жеңілдіктер қарастыру, балабақша құрылысы, үш ауысымды мектептердің мәселесін шешу және тағы басқа да мәселелер туралы болды. Сұрақтардың барлығына толыққанды жауап берілді.

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ӘР САЛА ДА АЛДА КЕЛЕДІ

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жүктелген және аймақ тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бағытындағы тапсырмаларды орындай отырып, қарқынды ілгерілеуге қол жеткіздік. Оң динамика барлық секторларда байқалатынын баса айтқым келеді», – деген облыс басшысы бүгінде облыстағы адам саны қазіргі таңда 2 миллионнан асқан. Тоғыз айдың ішінде экономиканың барлық салаларында көңілге қонымды шаруалар атқарылған. Айталық, өнеркәсіптің өсімі 4,3 пайызды құраса, биылғы қаражат көлемі 700 млрд теңгеден асады. Өңірде 1800 кәсіпорын жұмыс істесе, оның 20-сы Трансұлттық компаниялардың, әлемдік брендтерді жасаушылардың қатысуымен жұмыс жасайды. Барлық өнеркәсіп өнімдерінің үштен бірін осылар өндіріп отыр. Олардың қатарында «Кока-Кола», «Данон», «РДжи Брендс», «Филип Моррис», «Кнауф», «Тиккуриела» сияқты танымал іргелі компаниялар бар. Жалпы, бүгінгі күні өңдеу секторының үлесі 85% жетіп, еліміз бойынша жоғары көрсеткішке ие болып отыр.

Жетісу өңірі шырын мен алкогольсіз сусынның негізгі өндірушісі болып табылады. Жылына 1 млрд литрге дейін өнім өндіріледі. Индустрияландыру картасы аясында фармацевтиканың жаңа саласы құрылды. 9 фармацевтикалық зауыттың өндіріс көлемі есепті мерзімде 2 еседен астам өсіп, 13 млрд теңгеге дейін жетті. Сонымен қатар «Қайрат» индустриялық аймағының инфрақұрылымын салу басталды. Өнеркәсіптік аймақтарда барлығы 17 кәсіпорын жұмыс істейді. Алдағы уақытта 400-ге жуық өндіріс орны ашылмақ.

– Серіктес қала GateCity аумағында «Берек» жаңа индустриалдық аймағы құрылып, онда ірі компаниялардың қатысуымен жалпы сомасы 90 млрд теңгелік, 2 мың жұмыс орны құрылатын 5 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырыла бастады. Олардың қатарында ет полуфабрикатын шығаратын «Бауманн» (Германия), картоп өңдейтін «Фармфритс» (Голландия), жылыжай шаруашылығы бойынша «Экокультур» (Ресей) компаниялары бар, – деді Амандық Баталов.

Сондай-ақ облыста «Талдықорған», «Береке», «Арна», «Боралдай», «Қазыбек бек», «Қайрат» – 6 индустриалдық аймақ бар екені және олардың барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгені айтылды.

Өңір басшысы инвестиция тарту мақсатында жыл басынан бері 9 бизнес-кездесу өткенін, 7 елдің өңірлерімен, компанияларымен меморандумдар мен

келісімдер жасалғанын айтты. Инвесторлар, әсіресе «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағына айтарлықтай қызығушылық танытқан. Нәтижесінде, жалпы құны 644 млрд теңге болатын 24 жоба жоспарланған екен. Жалғасып келе жатқан жұмыстардың қорытындысынан инвестициялардың өсуін аңғару қиын емес. Мәселен, биылдың өзінде тартылған инвестиция көлемі 500 миллиард теңгеден асып жығылған.

Облыс ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі бойынша бірінші орында. Мәселен, облыста еліміздегі соның 97%, жүгері мен қант қызылшасының 64%, жеміс-жидектің 37%, көкөністің 25% өсіріледі. Оған қоса, аймақ еттің 20%, сүттің 13%, жұмыртқаның 23 процентін өндіріп отыр. Облыс әкімінің айтуынша, биылғы жылы аграрлық-өнеркәсіптік кешенге (АӨК) 36 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл өткен жылдың алғашқы үш тоқсанымен салыстырғанда 31 пайыз артық.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, аграрлық сектор экономикалық өсімнің қозғаушы күші болуы керек. Бұл саладағы жалпы өнім көрсеткіштері облысымыздың республика бойынша бірінші орында тұрғанын айғақтайды. Яғни 17 пайызды құрайды. Сөзімді нақты деректермен шегелей түссем, бүкіл Қазақстандағы сояның 97 пайызы Алматы облысында өсіріледі. Жүгері мен қант қызылшасының 64 пайызы, жеміс-жидектің 37 пайызы, көкөністің 25 пайызы, ет өнімдерінің 20 пайызы, сүт өнімдерінің 13 пайызы және жұмыртқаның 23 пайызы Жетісу жеріне тиесілі. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы дақылдарының алаңын 948 мың гектарға жеткіздік. Мемлекет басшысының аграрлық салаға жаңа технологияларды енгізу туралы тапсырмаларын орындау бағытында облыста жердің 17% озық технологияны қолдану негізінде өңделеді. Соның арқасында дақылдардың өнімділігі 34% артты, – деді әкім.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі 948 мың гектарды құраса, оның ішінде 17 пайыздан астамы озық технологияларды пайдалана отырып, өңделеді екен. Аймақ басшысының сөзіне қарағанда, облыс бүгінде еліміздің қызылша өсіру аймағына айналған. Биыл егістік ауданы 9 мың гектарға жетіп үлгерген. «Көксу» қант зауыты үшніші жыл өз жұмысын сәтті аяқтап, толықтай жаңартылды. Жылына 300 мың тонна өнім өндей алатын «Ақсу» қант зауыты да осы қатарда.

Атап өтсек, Көксу қант зауыты үш жыл қатарынан жаңғыртудан өтті, 10 жыл тоқтап тұрған Ақсу қант зауыты биылғы жылы қалпына келтіріліп, 40 мың тонна қант қызылшасын қабылдады. «Жетісу» ӘӘК-ні тарта отырып, 18 сервистік дайындау орталықтары құрылды. Осының барлығы қант өндірісіне оң ықпал ететін болады. Заманауи ауыл шаруашылығы техникалары мен элиталық тұқым пайдаланудың нәтижесінде жекелеген шаруа қожалықтарында өнім әр гектарынан 500-700 центнерге дейін жетуде. Сөйтіп, биылғы жылдың өнімі 350 мың тоннаны құрайды деп болжанып отыр.

– Биыл 35 мың тонна қант алып, өңірдің сұранысын толығымен жабамыз. Біздің мақсатымыз – бүкіл еліміздің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қант өндірісін одан әрі арттыру, – деді баяндамасында Амандық Баталов.

Суармалы жерлердің көлемін ұлғайту үшін ирригациялық жүйелерді қалпына келтіруге республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы қарастырылып, Ислам даму банкінен займ тартылып жатыр. Биылғы жылы 4 ауданда 18 млрд теңгенің қанат қақты жобалары жүзеге асырыла бастады. 7 мың гектар жерді суландыратын Қызылағаш су қоймасын қалпына келтіру мәселесі де шешімін тапты. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2020 жылға қарай 126 мың гектар суармалы жер қосымша айналымға енгізіліп, бұл өз кезегінде өнім көлемін 80 млрд теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алматы облысында биылғы жылы қант қызылшасының алқабы 9 мың гектарға жетті. Одан 350 мың тонна, яғни рекордтық өнім алынады деп жоспарланып отыр. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг кезінде айтты.

– 35 мың тонна қант алсақ, өңірдің қантқа деген сұранысын толық жаба аламыз. Біздің мақсатымыз – облыстың ғана емес, еліміздің қантқа деген қажеттілігін толық қамтамасыз ету, – деді А.Баталов.

Алматы облысында ауыл шаруашылығындағы басым дақылдардың бірі, «Дала аруы» атанған жүгері алқабы 79 мың гектарға жеткізілді.

Облыс басшысының айтуынша, Жаркент крахмал-сірне зауытында Индустрияландыру картасы шеңберінде жүргізілген жаңғырту жұмыстарынан кейін қалдықсыз өңдеу циклі құрылған. Соның нәтижесінде өңдеу қуаттылығы 20 мыңнан 90 мың тоннаға дейін ұлғайтылды. Қазір өнімнің 27 түрі шығарылады. Алматы облысында биылғы жылы тұңғыш рет 1280 гектарға жаңғақ ағашы отырғызылды. Облыс басшысының айтуынша, интенсивті бақтарды дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Алқаптан сөреге дейінгі кластерлік негізде жұмыс істейтін компаниялар қазірдің өзінде бар. Мысалы, «Амал БИО» компаниясы өсірген өнімдерін өзі сақтап, өзі өңдейді. Өнімдері Қытай, Пәкістан, Иран секілді шетелдерде айтарлықтай сұранысқа ие. Жалпы, өңірдегі бақтардың көлемі 22,4 мың гектарға жетсе, соның 2,1 мың гектары – апорт алмасы.

Қазір облыста 31,4 мың басқа арналған 60 мал бордақылау алаңы және 11,8 мың басқа лайықталған 55 сүт-тауарлы фермасы жұмыс істейді. Облыс басшысының айтуынша, олардың ішінде 400 басқа арналған 1 СТФ «Жетісу» ӘКК-нің қатысуымен мемлекеттік-жекеменшік механизмі арқылы жүзеге асырылды.

– Соңғы екі жыл ішінде 13 мың жеке қосалқы шаруашылықтарды тарта отырып, 239 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Соның арқасында өткен 9 айда ет өндіру 6,2%, сүт – 3,2% артып, оларды өңдеу үлесі орта есеппен 32,5% құрап отыр, – деді Амандық Баталов.

Сонымен қатар өңірде жыл басынан бері «Сыбаға», «Алтын асық» және «Құлан» бағдарламалары бойынша 15 мыңнан астам мал сатып алынған. Соның нәтижесінде асыл тұқымды мал басы 16-дан 23 %-ке өскен.

«Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында үш жыл ішінде 82 жобаны жүзеге асыруға 77,2 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде білім беру мекемелеріне 49 млрд теңге қаралған. «Ағымдағы жылы өңірде барлығы 44 мектеп салынады, оның ішінде 31-і осы бағдарлама аясында, бұл оқу орындарының тапшылығын жояды. Біз үшін бұл – өте өзекті мәселе, өйткені, жаңа оқу жылында 46 мың бала бірінші сынып табалдырығын аттады», деген әкім «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» және «Алматы-Талдықорған» автожолдарын салуға арналған ірі жобалар іске асырылғанын, алдағы кезде Талдықорған – Өскемен, Үшарал – Достық автожолдарының жөнделетінін еске салды. Жергілікті бюджеттен биыл жалпы жолдарды жөндеуге 25 млрд теңге бөлінген екен.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағалы бері ШОБ субъектілеріне 26,3 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Несиелік портфель көлемі бойынша Алматы облысы Алматы және Астана қалаларынан кейінгі үшінші орында тұр.

Облыс басшысы А.Баталов хабарлағандай, «Даму» қоры, жергілікті бюджет және Ұлттық кәсіпкерлер палатасы есебінен 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген, соның ішінде 1,9 млрд теңгесі – жергілікті бюджеттен.

– Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде шағын несиеге 5,3 млрд теңге қарастырылды. Соның нәтижесінде жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны үш жылда 23%, жұмысшылар саны – 16%, шығарылған өнім көлемі – 29% өсті, – деді А. Баталов.

Биылғы жылы облыста қызмет көрсетілген туристер саны 1,5 млн адамға жетсе, соның 750 мыңы Алакөл көлінің еншісінде.

– Туризм нысандарына апаратын жолдарды жөндеу – туризмді дамытудың басты бағыттарының бірі. Мәселен, Көлсай көлдеріне, Ақсай шатқалына, Шонжы ауылындағы ыстық су бастауларына дейінгі жолдар жөнделіп жатыр. Сол сияқты Алакөл көлі жағалауының инфрақұрылымын дамытуға жергілікті бюджеттен 2,6 млрд теңге бағытталып отыр, – деді Амандық Баталов.

Брифинг барысында айтылғанындай, Алакөлге апаратын теміржол байланысы ұйымдастырылып, биылғы жылы Үшарал қаласында әуежай салынып, жұмыс істеді. Енді теміржол вокзалының құрылысы басталған. Қызмет көрсету сапасы жағынан шетелдік нысандардан бірде-бір кем түспейтін үш бірдей ірі демалыс аймақтары салынды. Жалпы, облыс бойынша соңғы үш жылда көрсетілген ақылы туристік-сауықтыру қызметі 40% өсіп, 5,5 млрд теңгеге жетті.

Биылғы жылы Алматы облысында 44 мектеп салынса, соның – 31-і «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде тұрғызылды. Оның оқушыларға орын жетіспеушілігі мәселесін шешуге тигізер ықпалы зор. Биылғы жаңа оқу жылының өзінде бірінші сыныпқа 46 мың бала барған. Жалпы, соңғы үш жылда Алматы облысында «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 82 жобаны жүзеге асыруға 77,2 млрд теңге бөлінген, соның 49 млрд теңгесі – білім беру нысандарына бөлінді.

Облыста мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін жандандыру нәтижесінде жыл соңына дейін балаларды балабақшамен қамту деңгейі 95%-ға жетеді.

– Мәселен, 2013 жылы балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту көрсеткішісі небары 60% құраса, соңғы үш жыл көлемінде 279 балабақша ашылған. Оның 88% – жекеменшік. Ал биылғы жылы тағы 98 балабақша ашылса, жыл соңына дейін қамту деңгейі 95%-ке жететін болады, – деді өңір басшысы.

Облыстың білім саласына мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін қолданудағы тәжірибесі үлкен. «Енді біз мемлекет пен бизнес әріптестігінің басқа да формаларын қолдана бастадық. Біздегі 41 жобаның 8-і өткен жылы жүзеге асырылса, құны 9,6 млрд теңгелік 9-ы биылғы жылдың соңына дейін межеленген», – деп атап өтті облыс әкімі.

Көпшілігімізге мәлім, соңғы жылдары облыста ауыз су мәселесі де жиі көтерілуде. Аталған бағытта қолға алынған шаралар аз емес. Биылдың өзінде жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге 107 жоба жүзеге асқан. Нәтижесінде 18 елді мекенге су барып, 80 ауылдың ауыз суының сапасы жақсартылған. Сонымен қатар облыс тұрғындары үшін маңызды оқиға – «Алматы-Талдықорған» газ құбырының құрылысы аяқталыпты. Қазіргі таңда 11 ауданда газдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Табиғи газды асыға күткен облыс тұрғындарының көпшілігі биылғы жылы көгілдір отынға қол жеткізді. Сөйтіп, өңірді газдандыру 23% құрап отыр.

– Табиғи газға өтудің артықшылығы өте көп: біріншіден, өңір тұрғындарының жылуға кететін шығыны азаяды, екіншіден, тұрғындардың өмір сүру қолайлылығы артады, ең бастысы, басқа отын түрлеріне қарағанда, экологиялық жағынан таза, – деді Амандық Баталов.

Еске салсақ, 2020 жылға қарай Алматы облысының бес ауданы мен Қапшағай қаласы толығымен 100% газдандырылады, ал жалпы облыста газбен қамту деңгейі 45%-ке жетеді.

Астана қаласында өткен Халықаралық «ЭКСПО – 2017» мамандандырылған көрмесінен кейін Алматы облысында 10 заманауи жоба мен оны жүзеге асыру технологиялары таңдалып алынды. Мәселен, «Қалдықтарды басқарудың өңірлік жүйесі» қанат қақты жобасы іске қосылды. Бұл қайталама материал шығаруды 30%-ке, қоқыс алаңдарының санын 354-тен 16-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Облыс әкімі А.Баталовтың айтуынша, «Рецетиловс» компаниясының ағын суды тазарту кешенін, испаниялық «Молекул» компаниясының жоғары сапалы құбырларын пайдалану, жаңартылған энергия көздері бойынша Швейцария мен Америка дайындаған «Альпі Үйін», ауаға шығарылатын қалдықтар көлемін шекті деңгейге дейін төмендету бойынша Чжэйзян энергия корпорациясының технологиясын, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу кезінде қолданылатын Хедвигагрупп технологиясын енгізу қарастырылуда.

«Тұрғын үй құрылысы да жақсы қарқынмен дамып келеді. Жыл соңына дейін 611,5 мың шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне беріледі, соның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 103,6 мың шаршы метр баспана пайдалануға тапсырылмақ. 2158 пәтерлік 200 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр», – деді өңір басшысы. Оның айтуынша, «Болашақ энергиясы» тақырыбындағы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі облыс аумағына инновацияларды енгізуге мүмкіндік берді. Маңызды шарада ұсынылған 10 жоба мен технология жетістіктері таңдап алынған. Осылайша, Recetilovs компаниясымен

ағынды суларды тазарту кешендерін және «Молекулалардың» испаниялық фирмасының күшті құбырларын пайдалану қарастырылған.

– Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру – басты басымдықтардың бірі. Жетісу кәсіпкерлері мен меценаттары Ұлт Көшбасшысының «Туған жер» бағдарламасына қатысуға айрықша ниет білдіруде. Бүгінде 308 әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға 37 млрд теңге бөлінді. Мысалы, Еңбекшіқазақ ауданының Ащыбұлақ кентіндегі Сабировтар отбасы қараусыз қалған саябақты қалпына келтірді. Сонымен бірге Кербұлақ ауданының тұрғыны, жеке кәсіпкер Хасан Әбуев туған ауылына бастауыш мектебін салуда. Қарасай ауданында ашылған «Батыр Бабалар» мемориалдық кешенін де меценаттар 465 млн теңге бөліп тұрғызған, – деді А.Баталов.

Басқосуда белгілі болғандай, қараша айында еліміздің басқа аймақтарында және облыста «Менің Жетісуым» атты жерлес-инвесторлар форумы өтеді екен. «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны» сынды бағдарламалар аясында да көптеген жұмыстар атқарылуда. Әкімнің айтуынша, өнір тұрғындары Президенттің латын әліпбиіне ауысу туралы саясатын қолдайды. Осыған байланысты көптеген дөңгелек үстел отырыстары мен кездесулер ұйымдастырылған. Оларда қазіргі заманғы жетістіктерге қолжетімділік пен жаһандық ағылшын тіліне кірігудегі жаңа алфавиттердің рөлі кеңінен талқыланған.

Баспасөз мәслихаты соңында Амандық Ғаббасұлы тілшілер тарапынан қойылған түрлі сауалдарға жан-жақты жауап берді. Айталық, «Облыста ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған болса, экспорт мәселесі неге қолға алынбайды?» деген сауалға әкім былай жауап берді:

– Бұл бағыттағы шаралар назардан тыс қалмайды. Біз әлі жоспарлы көрсеткіштерге жете қойған жоқпыз. Десе де, алдымызда Қытай мен Иран нарығы ашық тұр, келесі жылы ет өнімдерін осы елдерге тасымалдау жұмыстарын бастайтын боламыз деп ойлаймын».

Көгілдір отын жеткізу жұмыстарына қатысты сұраққа өнір басшысы: – Қазіргі таңда 11 ауданды газбен қамту шаралары жалғасуда. Негізгі магистральдан тұрғын үйлерге құбыр тарту жұмыстарының бағасын қолжетімді етуге қатысты тапсырманың бар екенін баса айтайын. Өйткені, бұл – Елбасының тікелей тапсырмасы, – деп жауап қатты.

Өнір басшысы тілшілердің сауалдарына жауап беру барысында биыл туристерге қызмет көрсету көлемі 1,5 миллион адамнан асқанын, соның ішінде бір ғана Алакөлге 750 мың адам келгенін жеткізді. Оның айтуынша, көл жағасындағы инфрақұрылымды дамытуға жергілікті бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлінген. Теміржол қатынасы жолға қойылып, Үшарал қаласында әуежай тұрғызылып, теміржол вокзалының құрылысы аяқталыпты. Үш жылда өнірдегі ақылы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 40 пайызға артып, 5,5 млрд теңгені құраған.

Жарыссөз кезінде Райымбек ауданынан жер бөлу арқылы жалпы ауданы 711 937 гектар болатын жаңа аудан құрылатыны да белгілі болды. Ол ауданға «Нарынқол» атауын беру туралы республикалық ономастикалық комиссияның қарауына ұсыныс жіберілген екен.

Шара барысында қатысушылар Алматы облысы аумағындағы «Фудмастер», «Адал», DanoneBerkut сүт өнімдері компанияларының, «Алматы конфеті» ,«Хамле», «Алматы азық-түлік» кондитерлік компанияларының, «Кока-Кола Алматы Боттлерс», GallansBottlers, RG Brands Kazakhstan, «Голд Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің, өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін тамашалап, дәм татты.

◆ Коммуникация

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТҚА СӘЙКЕСТЕНДІРМЕК

Облысымызда жол бойындағы 335 сервис нысанның 100-ін ұлттық стандартқа енгізу қолға алынды. Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың қатысуымен өткен селекторлық отырыста оның тек 31-і ғана стандартқа сәйкестендіріліп, қалған 69-ы бойынша әлі де жұмыс жүргізіліп жатқаны мәлім болды.

Бұл нысандарды аудандар бойынша таратып айтатын болсақ, Алакөл, Ескелді, Панфилов аудандарында 3, Кербұлақта 1, Қапшағай қаласы мен Ұйғырда 2, Талғарда 12 жанар-жағармай құю бекеті, Іледе 7 жанар-жағармай құю бекеті, сондай-ақ 1 тамақтану орны стандартқа келтіріледі. Қарасайда 11 жанар-жағармай құю бекеті мен 3 кафе, Жамбылда 5 жанар-жағармай құю бекеті мен 2 кафе, Еңбекшіқазақ ауданында 12 жанар-жағармай құю бекеті мен 1 кафе ұлттық стандартқа сәйкестендіріледі.

«Олардың бірінде азық-түлік дүкені жоқ болса, енді бірінде дәретхана қарастырылмаған. Талап бойынша жолдан 25 метрге қашық салынатын нысандардың кейбірі күрежолдың шетінде тұр. Есіктен шыға келген адамды жоғары жылдамдықпен келе жатқан көлік іліп әкетеді», – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Алғашында бұл міндет «КазАвтоЖол» ҰК» АҚ құзырына тапсырылды. Кейін облыстық туризм басқармасына жүктелді. Ағымдағы жылдың наурыз айында бұл міндет облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасына ауыстырылды. Қазан айынан бері облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының құзіретіне өткен. Аталған басқарма аудандық әкімдіктермен бірлесіп, жұмыс жүргізуде.

Отырыста Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Сатубеков: «Ауданда 2016 жылдан бастап жол бойындағы нысандардың заңсыздығын анықтау ісі қолға алынды. Бүгінде 38 нысанның ұлттық стандартқа сәйкес еместігі анықталып, оның 16-ы түзетілді. Қалған 22 нысанның айналасында дау-дамай көп болмағандықтан, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасына, 4 нысанға қатысты, облыстық аумақтық жер инспекциясына хат жолданды. Құзырлы мекеменің шешіміне сай жұмыс барысын реттейтін боламыз», – десе, Панфилов ауданы әкімінің

орынбасары Кеңес одағы кезінде салынып, бүгінде бос тұрған үш жанар-жағармай құю бекетінің иесі табылмай жатқанын жеткізді. Алайда Айдарбек Естебекұлы қандай жағдай туындаса да маңызды жұмысты кейінге шегеруге болмайтынын тапсырды.

Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары халықаралық, республикалық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік дәлізі мен Алматы – Қапшағай күрежолының бойына салынатын сервистік нысандардың орнын анықтау, құрылыс жұмысын қадағалау міндетін ұлттық экономика министрлігі өзінің құзіретіне қалдырып отырғанын айтты.

◆ Құрылыс

ҚОС НЫСАН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ

Алдағы бірер ай көлемінде Талдықорғанда тағы да екі нысан қолданысқа берілмек. Оның бірі – салтанат сарайы болса, екіншісі көрме кешені. Осы ретте облыс әкімі Амандық Баталов аталған нысандарды аралап, ашылу салтанаты алдындағы дайындық жұмыстарын пысықтап шықты. Нысандарға қатысты біраз сын-ескертпелер айтып, жауаптыларға тиісті тапсырма берді.

Салтанат сарайы мен көрме павильоны іске қосуға дайын, ішкі әрлеу жұмыстары да аяқталған. Тек аумақты абаттандырудың кейбір детальдары әлі де жетілдіруді қажет етеді. Амандық Баталов осы екі нысанның арасына жол салуды, көрме павильонының баспалдақтарын ретке келтіріп, ғимарат ішінде киім ілетін орынды ауыстыруды тапсырды.

– Салтанат сарайы да, көрме павильоны да – көп салалы кешендер. Олар тек неке қию мен көрме өткізуге ғана лайықталып салынған жоқ, мұнда облыстық, республикалық маңыздағы түрлі шаралар да ұйымдастырылатын болады. Бұлар қаламыздың көрнекті орындарына айналуы тиіс. Сондықтан мұндағы әрбір деталь, әрбір штрих кешендердің бейнесіне толық үйлесімде болуы тиіс. Бұларға жақын орналасқан ғимараттар да, тұрғын үйлер де бірыңғай сәулеттік стиль қалыптастырып тұруы қажет, – деді А. Баталов. Бұл мәселелерді облыстық құрылыс басқармасына бақылауда ұстау ескертілді.

Өнір жастарының шаттығына куә болатын шырайлы нысанның құрылысы толық аяқталған. Мұндағы жүргізілген жұмыстардың сапасын облыс әкімінің өзі мұқият тексеріп, әлі де болса ескерілмей жатқан кем-кетік тұсын тез арада ретке келтіруді тапсырды. Ерекше дизайнмен жасалған бұл нысанның маңызының зор екенін, келешекте мұнда неке қию рәсімінен бөлек, республикалық деңгейдегі маңызы бар шараларды өткізуге де болатынын айтты.

– Мұнда біз алқалы жиындар, семинарлар, басқа да басқосулар өткізе аламыз. Әрине, ол өнір игілігін көздеген, игі істерге бастама болған республикалық деңгейдегі ауқымды кездесу болуы тиіс, – дейді Амандық Ғаббасұлы.

Ашылуға дайын тұрған ғимараттың бірі – көрме кешені. Жақын арада қолданысқа беріледі деген нысанның ішкі безендірілуі облыс әкімінің көңілінен шықпады. Амандық Баталов ішкі әрлеу жұмыстарындағы

ішінара кемшіліктерді қысқа уақыт ішінде түзетуді міндеттеді. Сонымен қатар нысан ауласында жаяу жүргіншілерге арналған жолдың қарастырылмауы да өнір басшысының назарына ілікті.

Мұндағы баспалдақтың сапасы сын көтермейтінін айтты.

– Ұсақ кемшіліктің өзі әдемі ғимараттың көркін кетіреді. Кешеннің қолданысқа берілуіне аз-ақ күн қалды. Сол себепті, бәрін тыңғылықты дайындап, кеткен кемшілікті тез арада ретке келтіріңдер. Ең бастысы, сапасына көңіл бөліңдер. Ел игілігі үшін жасалған соң сапалы дүние тапсыруға тырысыңдар, – деді ол.

Бұдан соң облыс әкімі «Жастар» саябағында орналасқан «Рухани жаңғыру» орталығын аралап көрді.

– Дизайнерлерді, әрлеуші суретшілерді шақырып, әрбір іске шығармашылық тұрғыдан қарау керек. Кірген адамға алғашқы әсер беретін холдың жарықтандырылуы әлі де жеткіліксіз. Холл жарық та әсерлі, тартымды болуы керек. Витраж жасау керек пе, әлде қабырғаға сурет салу керек пе, оны арнайы мамандармен ақылдасу қажет. Ғимараттың сыртқы келбеті толық дайын, десе де ішкі көркемдеу жұмыстары да мазмұнына сай болуы керек, – дей келе, А.Баталов өзінің орынбасарларына тапсырмалар берді.

Сонымен қатар өнір басшысы ғимарат ішіндегі көрме залының ұсынылған дизайнын қайта жасауды тапсырды.

Жастар саябағында салынып жатқан этноауылдың атауы «Рухани жаңғыру» мекемесі болып өзгертілмек. Мұнда мемлекеттік жобаны іске асыратын қызметкерлер, жұмыс істейтін болады. Олар үшін конференция мен көрме залы да қарастырылған. Облыс әкімі Амандық Баталов көрме ұйымдастыруға арналған сөрелердің ескі стильде жасалғанына қатысты сын айтты. Бұдан бөлек, ғимаратты безендіру жұмысының әлі де болса қарабайыр нұсқада қалып отырғанын айта келіп, бұл нысанның ішкі безендірілу жұмыстарының көз сүйсінерліктей деңгейде болу керектігін, бір ауыз сөзбен айтқанда, мекеменің «Рухани жаңғыру» деген атына заты сай болуы керектігін ескертті.

Жалпы «Рухани жаңғыру» орталығы қараша айының аяғында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

◆ Инвестиция

Алматы облысында инвестиция көлемі 530,9 млрд теңге болатын 63 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Олар толық қуатына енгенде 12 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Сонымен, алдағы уақытта жетісулықтар сербтер өндірген құрылыс заттарын тұтынып, қытайлар бордақылаған ірі қара мен ұсақ малдың етінен бесбармақ дайындап, қалған қалдықты щвейцариялықтардың тәжірибесіне негізделіп қайталай керекке жаратпақ.

Несін жасырайық, бұрынғы жылдары Жетісуға қалталы инвесторлар көп келмейтін. Талдықорған және Үшарал әуежайы мен Алматы – Өскемен күрежолының іске қосылуы, облысымыздағы «Талдықорған»,

«Боралдай», «Қайрат», «Арна», «Қазыбек бек» сияқты 5 индустриалдық, «Шамалған» агроөнеркәсіпті аймағы мен «Даму» индустриалдық-логистикалық орталығы жобасының қолға алынуы инвесторларды тарта бастады.

«Өндірістік аймақтарда инвесторларды қызықтыру мақсатында су құбыры, кәрізжүйесі, авто және теміржол салынып, инфрақұрылым мен коммуникациялық қызметтер жаңартылды. Демек, кәсіпкер бірден кәсіпорын құрып, жұмысын бастаумен қатар, өндірген өнімін вагондарға тиеп, әлемнің кез келген нүктесіне тасымалдай алады», – деді облыстың тоғыз айда жеткен жетістігін қорытындылаған Алматы облысының әкімі Амандық Баталов.

Сондықтан жетісулықтармен бірлесіп жұмыс істеуге ынта танытатын шетелдік инвесторлардың қатары артуда.

Айталық, былтырғы «Жетісу инвест – 2016» форумында өлкемізге инвестиция құюға ынта танытқандар көп болса да, нақты келісімге қол қойғандар болмаған еді. Ал «Талдықорған инвест – 2017» форумында құны 10 млрд доллардың инвестициялық жобасына келісім жасалды.

Тіпті Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия және Ресейден 70-ке жуық компания өкілдері бас қосқан «Талдықорған инвест – 2017» халықаралық инвестициялық форумында Қытайдың «Лунь Юань Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Янь Гуан Хуан Жетісу жерінде 2,600 млн доллар қаражатқа мал бордақылау

алаңын салуды бастап кеткенін жеткізді. Ол келешекте өндіріс алаңында 5000 – 10000 қой бордақылайтын арнайы алаң болмақ. Жоба сәтті жұмыс істеген жағдайда Қытай инвесторы ары қарай тағы бірнеше зауыт салуды ойластырып қойыпты.

Осыдан кейін Сербияның «Интерьер Янкович» компаниясының өкілдері өнірге келіп, интерьерлерді, сол сияқты инновациялық құрылыс технологиясын – құрылыстың модульді жүйесін жеке дайындау мен құру саласындағы жетістіктерін таныстырды.

«Интерьер Янкович» компаниясының бас директоры әрі иесі Божо Янковичтің айтуынша, отыз жылдық тәжірибесі бар «Интерьер Янкович» компаниясының Қазақстан нарығына келгеніне 3 жыл болыпты. Алматы қаласында филиалы жұмыс істейді. Демек, компания қазақтарға сенімді деген сөз.

Компанияның коммерциялық директоры Зоран Рациченің айтуынша, олар өндірген модульді жүйелерді балабақша, мектеп пен аурухана, жатақхана мен қонақүй, коттедж бен басқа да нысандардың құрылысына пайдалануға болады.

«Интерьер Янкович» компаниясының өнімі Қазақстан базарында сатылымға шыққанда құрылыс заттарын импорттау мөлшері төмендей түспек.

Осыдан былай: «Шетелден инвестор келіп қалар» деп еленде отыратын жетісулықтар енді өздері шетелге аттанып, қаржы тарту жолына ойысты.

Жуырда Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің көмегімен Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бастаған делегация Швейцарияның Тичино кантонына жұмыс сапарымен барды. Бұл сапар Қазақстан – Швейцария өнірараралық ынтымақтастығына жаңа серпіліс әкелді.

Тичино кантоны – Швейцарияның ірі қаржы орталығының бірі – мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім, туризм, құрылыс, мәшина жабдықтары, фармацевтика мен биомедицина саласы дамыған. ЖІӨ 28,6 млрд доллар, халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 82,1 мың доллар, ал Швейцарияның ЖІӨ-ге үлесі 4,5% құрайды.

Сапар барысында облыс делегациясы Тичино кантонындағы қоқысты қайта өңдеу бойынша ең ірі кәсіпорын Azienda Cantonale die Rifiuti, шоколад өндіретін Chocolat Stella, энергетика және ақпараттық технологиялар бойынша «ABB» компаниясымен, сондай-ақ Айроло қаласында тау шаңғысы курорты, асыл тұқымды сиыр шаруашылығы және ірімшік пен сүт өнімдерін шығаратын зауыттың жұмысымен танысты.

Azienda Cantonale die Rifiuti Тичино кантонының қалдықтарды терең өңдейтін ең ірі зауыты, тәулігіне 100 тонна қалдықты өңдеп, 10 МВт энергия мен 2 МВт-тан астам жылу қуатын өндіреді екен. Біз осы саладағы ынтымақтастыққа қол жеткіздік», – дейді облыс әкімі Амандық Баталов.

ТҮЙІН

Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыс әкімі Амандық Баталовтың журналистермен жүздесуі өте сәтті өтті деуге болады. Өйткені, осы күні брифингке жиналған теле, радио, баспасөз саласының өкілдері мен өнір басшысы емен-жарқын пікір алмасты. Алдымен облыстың даму қарқыны жайлы ақпаратпен қаныққан тілшілер соған сай өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алуға ықылас танытты. Ал өнір басшысы да олардың сұрағына орай бар жан-тәнімен түсіндіріп беруге ұмтылды. Осыған екі жақты жақсы қарым-қатынас маңызды басқосудың нәтижелі қорытындылауына негіз болды.

Халқымызда: «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» деген бар. Біз де өз басылымымыз арқылы жұрттың ықыласына бөленген кездесуді жалпақ елге жария етуді мақсат еттік.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мәдени мұра дегенімізде, ең әуелі көз алдымызға тарихымыз тармақталып, ою-өрнектеріміз орағытып, сал-серілердің ән-жыры құлағымызға келері анық. Әр халық өз ұлтын сақтап қалуы үшін мәдени мұрасын қарашығындай қорғап, арқалаған аманатын амандай жеткізуі тиіс. Бүгінде қайта қабылданған мәдени саяси тұжырымдама осыған саяды. Осыған орай мәдени мұрамыздың бірі – дәстүрлі әнімізді халыққа кеңінен насихаттап жүрген Рамазан Стамғазиев жақында ғана 30 жылдық жеке шығармашылық кешін өткізді. Рамазан Өмірәлиұлының концертіне алғаш бардым. Залда ине шаншар орын жоқ. Жиылған жұрт тапжылмастан тыңдай да, қошеметін жеткізе де білді. Салған әнінен оның нағыз өнерге берілген жан екенін аңғарасыз. Тіпті әуезді әуенінің ар жағына үңілсеңіз, қазақ халқының байлығы мен құндылығын қаз-қатар бейнелеп тұрғандай. Дарқандығы мен даралығы, даналығын да сыйдыра білген. Қара домбырасын құшақтаған дара әншімен осы кештен соң сұхбаттасуды жөн көрдім.

Қазақ пен өнер егіз ұғым

Рамазан СТАМҒАЗИЕВ:

Қазіргі заманғы Қазақстанды мәдени дамытудың маңызды бағыттарының бірі мәдени мұраны сақтау, зерделеу және тарату болып табылады. Мәдени мұра – қоғамымыз бен мемлекетіміздің шоғырлануы мен ойдағыдай дамуының сарқылмас әлеуеті.

(Қазақстан Республикасының Мәдени саясатының тұжырымдамасынан)

Жас қазақ: Елбасының ұзақмерзімді мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы Жарлығы қабылданған болатын. Ең әуелі осыған қатысты сіздің ойыңызды білсек?

Рамазан Стамғазиев: Иә, бүгінде елімізде көптеген жаңаша өзгерістер орын алуда. Әрине, оның барлығы еліміздің өркендеп, дамыған елдердің қатарына қосылуы үшін жасалып жатқан игі бастама. Соның бірі – осы мәдениет саласын дамытып, әрі қарай ұрпаққа аман-есен табыстау. Мәдени мұрамыз бен мәдени ошақтарымызды барынша биіктетіп, беделін арттырып, өзге ұлттармен салыстырғанда озық болу бұл – біздің басты мақсатымыз. Жалпы, қазақ пен өнер егіз ұғым. Қазақты өнерсіз елестету мүмкін емес. Ол бірден-бір жарқын айнасы іспеттес. Қай заманда болмасын ұрпағы, яғни біздер оны жақсы түсінеміз. Сол себепті де бүгінде мәдениетке, өнерге жасалып жатқан жағдай жоғары деңгейде. Осы орайда Алматы қаласында әкім Б.Байбек «Алатау» дәстүрлі өнер театрын ашты. Бұл да біздің өнердің жемісі мен жетістігі деп білеміз. Бір ұсынысым – ұлттық құндылықтарымызбен қоса, дәстүрлі ән мен халық әндері телеарналар арқылы халыққа жақсылап насихатталса екен дегім келеді.

Жас қазақ: Жуырда «Күзгі әуен» деп аталатын шығармашылық кешіңіз өтті. Кешіңізге барып, нағыз рухани дүниемен сусындап қайттым десем болады. Сізді сағынған тындармандарыңыз қалай қарсы алды? Кешіңіз ойыңыздағыдай өтті ме?

Рамазан Стамғазиев: Иә, көптен бері жоспарлап жүрген шығармашылық кешімді аман-есен өткіздім. Биыл сахнада жүргеніме – 30 жыл. Кешімнің аты «Күзгі әуен» деп аталды. Жалпы, күз мезгілі де өзінше керемет уақыт. Тіпті 4 мезгілді адамның жасымен салыстырып қарайтын болсам, көктем – сәби кезден балалық шағынды бейнелесе, жаз – балалықтан даралыққа бет бұрғанға дейінгі уақыт деп есептеген. Ал күз – орта жастан асып, ес тоқтатып, етек жеңінді жинап, нағыз серіліктің кезеңі. Міне, кешімді «Күзгі әуен» деп атауымның бірден-бір себебі осы. Сары жапырақ секілді сағыныш жырлардың да жүректен төгілуі деп теңестіре отырып, ойластырдық. Ал кешіме тоқталар болсам, тындармандарым зор ықыласпен, құрмет-қошеметімен қарсы алды. Келгендердің көзінен осы кешімнен ерекше дүние күтіп отырғанын бірден байқадым. Сондай-ақ нағыз өнерді бағалайтын жандардың жиылғанына қатты қуанып, керемет әсерде жүрдім. Сол сезімнің арқасында барлық әндерім шабытпен, мол махаббатпен орындалды.

Жас қазақ: Қазіргі уақытта ұстаздықпен айналысып жүрсіз. Ұстаз ретінде қазіргі жастардың дәстүрлі әнге жалпы, өнерге деген құлшынысы мен қызығушылығына қандай баға қоясыз?

Рамазан Стамғазиев: Кешімде мен де, Ұлту да шәкірттерімізбен бірге ән орындадық. Бұл үшін ұзақ дайындалдық. Олар – Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері. Осы дәстүрлі әндер факультетінде білім алады. Сахнаға өзім ғана шықпай, тәрбиелеген шәкірттерімді жасаған жұмысымның нәтижесі ретінде алып шықтым. Барлығы да өнерлі жастар, ізімізді жалғаушы. Ал жалпы өнерде жүрген жастар жайында айтар болсам, онда салыстырмалы түрде айтуға болады. Бұрынғы мен бүгінгінің арасы жер мен көктей. Біздерге бұрынғы әншілердің үнтаспасын жазып алу өте қиынға түсетін. Радиодан бағдарламаларын алып, күндізгі, кешкі халық әніне құралған кештерді астын сызып қойып, магнитофонға жазып алып, ән үйренетінбіз. Оның жартысы жазылса, жартысы жазылмай қалады. Әрі бері тасығаннан өшіп қалып, қайта басқан кездер де болған. Қайрат, Жәнібек ағаларымыздың аузына қарап, айтқанын лезде жаттап алуға икем жасадық. Адамның алдына асты толтырып қойса, тәбетің қашып, не жеріңді білмей қаласың. Ал аш отырған балаға қандай ас ұсынсаң да жей береді. Сол сияқты бүгінде ғаламторда керектің бәрі бар. Тіпті елден бөлек, әлемнің музыкасын тыңдай алатын деңгейде. Өзіміздің сал-серілердің, дәртүрлі әншілердің де жазбалары алдында дайын тұр. Мың ән, мың күй антологиялары, хрестоматия, оқулықты бір аттасаң, кез келген орыннан табасың. Барлығы алдына жиналғанда тоқтық жасап, тіпті таңдай бастайды. Шабандау пайдаланады. Бүгін естісек, ертең қағып алып айтып отыратынбыз. Ал бұларға ортаға уақыт салып, оны дәлелдеп, үнтаспасын көрсетіп, шәкіртіңнің санасын оятқанша азды-көпті уақыт өтіп жатыр. Жалпылама бәріне бірдей қараудан да аулақпын. Арасында аузыңнан қағып, нақ сол күйінде орындап беретіндері де бар. Бірақ көбісі тосылып қалып жатады. Іште жатқан дүниесін шығаруға ерінеді.

Жас қазақ: Бүгінде дәстүрлі әннің дәріптелуі қай деңгейде?

Рамазан Стамғазиев: Бұрындары дәстүрлі әнді, жасаған дүниемізді уақыт өткізбей экраннан айналдыратынбыз. Ол кезде телеарнаның барлығы Алматыда еді. Бүгінде көбісі Астанаға ауысты. Соның өзінде шақырған жерден қалмауға тырысамыз. Біз «Ықылас» атындағы Халық аспаптар мұражайымен меморандумға отырдық. Айына 4-5 жеке кеш өткізіп, шәкірттерімізбен бірігіп, іс-шараның барлығына қатысып тұрамыз. «Алатау» дәстүрлі өнер театры ашылды. Ондағы кештерге де жағдайымыз келгенше барамыз. Бірақ сол кештің барлығы экран арқылы халыққа жетпей қалып жатыр. Айтылған жерде, есептік дүние де қалып қоюда. Түсірген дүние әлеуметтік желі арқылы ғана бірді-екілі тарап жатады. Бұған қоса, «Қазақ радиосының» Алтын қорына жазып өткіздік. Осылайша, көптеген әннің насихатталуы аз болғандықтан, халыққа жетпей жатыр деп ойлаймын.

Жас қазақ: Жүсіпбек Елебеков «Әнді үйреніп айту әншілік емес, зерделеп салу – әншілік» деген. Осыны сіз қалай түсінесіз?

Рамазан Стамғазиев: Өлеңші деген бар. Сізге бір әннің сөзін жазып беріп, үйретсем болды. Қазір-ақ айтып бере аласыз. Сөзі мен әуенін жаттасаңыз жеткілікті. Орындаушы үшін әнді айту міндетті де, ал қалай жеткізілгеніне мән бермей жатады. Ал нағыз әнші деген – ол әнді қақыратып салу керек. Түп-тамырын білу керек. Халық әндерінің кіндігі тарихпен байланысты екенін сезіне отырып, халыққа жеткізуі тиіс. Өмірдің қиындықтарынан туылған әнді көңілді қылып айтуға болмайды. Міне, осылайша зерделеу деген арғы жағынан қопарып, түп-тамырын білу керек. Қайдан шықты? Қайдан келді? Кімдер орындады? Жеткізген кім деген туралы толық ақпарат жинау арқылы, арғы тегін білер болса, әншінің зердесі, санасы оянады. Әнге деген құрметі артады, нағыз кілтін табады. Міне, сонда жүректен шығарып, жүрекке жеткізеді.

Жас қазақ: Сіз екі жанрдағы орындаушысыз. Эстрада мен дәстүрлі әнді де жүрекпен айтып жеткізе алатын ерекше дарын иесісіз. Бірақ осы екеуінің қайсысы жақынырақ? Бөліп-жарып қарай аласыз ба?

Рамазан Стамғазиев: Мен үшін екеуі де жаныма жақын. Бірін мақтап, екіншісін сатып кете алмаймын. Әрине, екі жанры қоса алып жүргендіктен, бөліп қарауға болады. Мысалы, эстрадалық әншілер белгілі бір шеңберге байланып қалады. Еркін айтып, еркін құлаштайтын дәстүрлі әншілер сияқты емес. Бұлар сызып берген жолмен жүреді. Тоқта десе тоқтап, айт деген де айтады. Өйткені оның жолы сызылып тұрады. Сеткаға салып, санап тастайды. Шектеулі. Ал дәстүрлі әншілерді бір әнді төрт рет тыңдасан, төрт түрлі айтады. Өйткені оны орындаған сайын арғы жақтағы дүниесі оянып, көңілі қалай шабады соған байланысты әнді құбылтып, жан-жақты ашып шығады. Эстрада жанры да оңай емес. Оған да шеберлік пен талант, актерлікті сыйғызып, үйлестіре алуы шарт. Ал дала табиғатымен, дала құбылысымен келген үнді игерген, қара домбыра қарт қобызбен көздің қарашығындай етіп айтатын дәстүрлі әншілер белгілі бір шеңбер аясына бағынбайды. Қаншалықты әнді бағындыра аласың, соншалықты тыңдарманға жетеді.

Жас қазақ: Бір сұхбатыңызда «Хит әндердің қоғамда тәрбиелік қызметі болу керек» – деген екенсіз. Қазіргі хит әндер қоғамға қаншалық тәрбиелік қызмет етіп жүр?

Рамазан Стамғазиев: Мен үшін хит әндер – Шәмші, Нұрғиса ағаларымның әндері. «Хит» деген ұғым ол – әншімен тыңдарман бірлесіп, қосыла отырып, жанымен айта алатын ән. Жұрт жүрегіндегі дүниесін жеткізетін әуен. Қай жастағы буын өкілі ұйып тыңдай алатын ырғақты ән болуы тиіс. Сөзі, әні, бояуы, жан-тәні барлық қазақтыкі болып естіліп тұруы шарт. Мұқағалиша айтқанда, «Қара өленге, шапан жауып қайырдым» – дейтіндей болуы міндетті. Ал қазіргі уақытта хит әндерді кім орындап жүр деп ойлайсыз? Егерде халық қабылдап, сол әннен ләззат алса, келесі ұрпаққа санасын оятар дүние табылып жатса, оны хит деп мойындауға болады. Бүгінгі бизнес саласындағы, ақша табудың көзіне айналдырғандардың әндері уақытша дүние. Ондай әндерді Қайрат, Жәнібек ағаларымыз «Жолбике» әндер деп айтатын. Жолдан қосылып, сол жолда қалып қояды.

Сұхбаттасқан Салтанат ШЫРЫНХАН

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Соңғы жылдары Ақмола облысында бұқаралық спортты дамыту оң сипат ала бастады. Бұқаралық спорттың халық денсаулығын нығайтуға септігі мол екендігін әркім-ақ біледі. Біз өңірдегі дене шынықтыру, спорт, бұқаралық спортты дамыту мәселелері төңірегінде ой толғамақшы болып облыстық дене тәрбиесі және спорт басқармасының басшысы Надежда Патюткинамен сұхбаттасқан болатынбыз.

Бұқаралық спорттың өрісі кең

– Надежда Александровна, мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2020 жылға дейінгі дамудың стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде отандастарымыздың денсаулығын нығайту үшін бұқаралық спортты өрістетуді міндеттеген болатын. Осы орайда қандай іс атқарылып жатыр?

– Иә, Елбасы мәдениет және спорт министрлігі мен барлық деңгейдегі әкімдерге елімізде бұқаралық спорт пен дене шынықтыру саласын дамытуға бағытталған ортақ шараларды белгілеу туралы нақты тапсырма берді. Елімізде бұқаралық спортпен айналысушылар қатарын 30 пайызға жеткізу жөніндегі жүктелген міндетке сәйкес Ақмола облысында да бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Тәуелсіздік жылдары ел спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымыз асқақтай түсуде. Солардың арасында ақмолалық спортшылардың да үлесі зор. Бүгінгі таңда дене шынықтыру мен спорт заманауи өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру басты мемлекеттік міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Облысымызда жылдан-жылға бұқаралық спорт қозғалысы дамып, оған мыңдаған адам тартылды, жоғары деңгейдегі спорттық форумдарда ақмолалық спортшылардың есімі аталып жүр. Осы орайда, атқарылған және атқарылады деп жоспарланған жұмыс аз емес. Мәселен, облысымыздағы дене шынықтыру және спорт ұйымдары үш негізгі бағыт бойынша жұмыс атқарып келеді. Атап айтсақ, спорттық инфрақұрылымдарды дамыту, спортшыларды даярлау сапасын арттыру және бұқаралық спортты өрістету бойынша ауқымды жұмыстарды жүзеге асыру. Бұл шаралардың барлығы Қазақстан спортының әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көтеруге және дамытуға бағытталуда.

– Қазіргі таңда облысымызда тұрғындардың арасында дене шынықтырумен үзбей айналысатындардың қатары қанша?

– Бұл көрсеткіш жалпы халықтың 26,2 пайызына жетіп отыр. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 1,4 пайызға өсті. Жыл соңына дейін 27 пайызға жетеді деген болжам бар. Өңірімізде балалар мен жасөспірімдерді спортқа баулитын 28 спорт мектебі жұмыс істейді. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, жергілікті жердегі бұқаралық спортты өркендетуге түрлі клубтардың тигізетін ықпалы зор. Бүгінгі күні облысымызда 5 жасөспірім, 4 балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру клубы, 47 дене шынықтыру және сауықтыру клубы жұмыс істейді. Осы клубтарда барлығы 22631 адам дене шынықтырумен, спортпен айналысуда. Бүгінгі таңда облыс аумағында 1165 дене шынықтыру және спорт ұжымдары бар және онда 7044 спорт секциялары жұмыс істейді. Сол спорт секцияларында 184525 адам спорттың әр түрімен шұғылданады.

Іс тетігін білікті мамандар шешеді десек, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыратын облысымызда 2015 спорт маманы жұмыс істесе, олардың 1088-і ауылдық жерлерде еңбек етеді. Тарқатып айтар болсақ, 1071 мұғалім жалпы білім беретін орта мектептерде, 144-і орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында, 354 оқытушы-бапкер бұқаралық спорттың дамуына барынша зор көңіл бөлуде.

– Спортта үлкен нәтижеге жету үшін материалдық-техникалық жағдай үлкен рөл атқарады. Бұл бағытта облыс көлемінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы айта кетсеңіз.

–Шортанды ауданында ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында жүзу бассейні іске қосылса, Бұланды ауданының орталығы Макинск қаласында жабық жүзу бассейнінің құрылысы аяқталуға жақын. Осындай спорт кешені Сандықтау ауданында да салынып, құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Ал Жаркайың ауданында стадион қайта жаңғыртудан өтіп, футбол алаңына жасанды жамылғы төселіп, жеңіл атлеттерге арналған жүгіру жолдары жасалуда. Облыс орталығы Көкшетау қаласында ойын және жаттығу залдары бар 150 адамға лайықталған жабық спорт кешенінің құрылысы басталады деп жоспарланған. Қазіргі таңда облыс аумағында дене шынықтыру және спортпен айналысуға мүмкіндік беретін жыл басынан бері 10 спорт алаңы жабдықталып, жыл аяғына дейін тағы да 25 спорт алаңы іске қосылады. Кәсіпкерлер мен серіктестіктердің басшыларының қолдауымен бірқатар спорттық нысандар уақыт талабына сай жарақталуда. Мәселен, Егіндікөл ауданының Алакөл селосында «Сарымсақты» серіктестігінің қаржылай қолдауымен мәдени-демалыс орталығы мен стадион салынып, жеңіл атлеттерге арналған жүгіру жолдары қайта жаңғыртылды. Спорт алаңдары мен стадиондарды, басқа да спорт жайларды салуға инвесторлардың қаржысын тартуға да жете назар аударылады.

Мүгедектер спортына да жете көңіл бөлінуде. 2014 жылдың қазан айынан бастап облыс орталығында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Мерген» спорттық клубы ашылып, қазіргі таңда бұл жерде 210 адам спортпен шұғылдануда. Аталған клубтың бөлімшелері Жаркайың, Бурабай, Атбасар аудандары мен Степногорск қаласында жұмыс істейді.

Жыл басынан бері 129738 адамды қамтыған 1967 түрлі дәрежедегі спорт шаралары өткізілді. Сонымен қатар 1569 спорттық шара ауылдық жерлерде ұйымдастырылды. Бұл көрсеткіш өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 15 пайызға артық. Облысымызда дәстүрлі қысқы спорт ойындарына арналған «Хрустальный колос» және жазғы ойындарға арналған «Ақ бидай» спартакиадалары, мүмкіндігі шектеулі адамдардың арасында өткізілетін «Үміт», облыстың мемлекеттік мекемелері қызметкерлері арасындағы «Бірлік» турнирлері сияқты жарыстар ұйымдастырылады. Президенттік тест деген де жақсы жарыс түрі. Оған жыл сайын облысымызда 100 мыңнан астам адам қатысып отырады. Атап өту керек, биылғы жылы өткізіліп жатқан спорттық шаралардың барлығы еліміздегі маңызды шара «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында ұйымдастырылды. Астана қаласында өткен Ақмола облысының мәдени күндеріне орайластырылып «Қазанат» ипподромында ұлттық спорт ойындары бойынша бірқатар жарыстар өткізілді. Бұл сайыстарға өңіріміздің 17 ауданы мен 2 қаласынан барлығы 500-ге тарта спортшы қатысып, 100-ге жуық тұлпар бәйгеде бақ сынады.

– Енді спорт клубтары және көпшілік назар аударатын спорт жарыстары, сондай-ақ ел мерейін өсіретін саңлақ спортшыларымыз туралы айта кетсеңіз.

– Облысымызда бүгінгі күні республикалық жарыстарға қатысып жүрген үш кәсіби спорт клубы бар. Олар: «Арлан» хоккей клубы» серіктестігі, «Оқжетпес» футбол клубы» және «Спорттың ойын түрлеріне арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары. Осы аталған клубтарда барлығы 626 спортшы бар. Ағымдағы жылы «Оқжетпес» әйелдер футбол командасы құрылды. Жыл басынан бері спорт мекемелері 1-ші разрядты 66 спорт саңлағын, 146 спорт шеберіне үміткерді, 25 спорт шеберін, 7 халықаралық дәрежедегі спорт шеберін даярлап шығарды. Еліміздің түрлі спорт салалары бойынша құрама командаларына облысымыздан 364 спортшы кіреді. Биылғы жыл қысқы спорт түрімен айналысатын спортшылар үшін жемісті болды. Жыл басында Алматы қаласында өткен Дүниежүзілік қысқы универсиадада да біздің спортшыларымыз 7 медаль ұтып, абыройымызды асқақтатты. Қазақстан жалпыкомандалық есепте жүлделі екінші орыннан көрінді. Біздің жерлестеріміз биатлонист Алина Райкова мен Олжас Климин ел қоржынына алтын сыйлады. Сонымен қатар Роман Еремин, Ольга Мандрикалар да жүлделі орыннан көрініп олжалы оралды. Жапониядағы Саппоро қаласында өткен қысқы Азия ойындарында да Қазақстан жалпыкомандалық есепте төртінші орынға шықты. Ақмола облысының атынан қатысқан сегіз спортшы ел қоржынына 6 медаль байлады. Солардың арасында Алина Райкова, Анна Кистанова, Николай Чеботько мен хоккейшілер де бар. Жалпы, жыл басынан бері өңіріміздің спортшылары түрлі байрақты бәсекелерден 487 медальді иеленді.

Әлем және Азия чемпионаттарында 31 медаль қанжығамызға байланса, Әлем және Азия чемпионы атағын 6 жерлесіміз жеңіп алды. Атап айтсақ: Рахметулла Сатыбалдиев, Олег Пивнев, Андрей Путинцев, Дмитрий Шубаба, Айна Теміртасова, Карина Қозғанбаевалар ел абыройын асқақтатты. Қазіргі таңда облыс спортшылары қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өтетін республикалық «Ақ бидай» ауылдық ойындары мен Атырауда мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында ұйымдастырылатын спартакиадаға шеберліктерін шыңдап, тыңғылықты дайындалуда.Олай болса байрақты бәсекелерде атой салып, жеңіс туырына көтерілетін жеңімпаздарымыз көп болғай! Облысымыздан әлі талай спорт саңлағы шығатынына сенімім зор.

Әңгімелескен Байқал БАЙӘДІЛОВ

Бас редактор – директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – *Астана қаласындағы меншікті тілші*
Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*
Салтанат ШЫРЫНХАН – *арнаулы тілші*
Руслан ДОСТАЕВ – *web-редактор*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *теріміші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)
Мендібай СҮМЕСІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34)
Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no
Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2138;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.